

Мүлдөз  
Мойдек

КЕУДЕМЕ  
кокалға үйрек  
кеңіп қонса...





## Жұлдыз Райымбекқызы ТОЙБЕК

1967 жылы 19 ақпанда дүниеге келген.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің журналистика факультетін бітірген.

Ширек ғасыры Қарағанды облыстық «Орталық Қазақстан» газетінің бөлім менгерушісі және Халықаралық «Қазақстан-Заман» қоғамдық саяси газетінің Қарағанды облысы бойынша меншікті тілшісі болып қызмет атқарды.

Нұр – Сұлтан қаласындағы Л.Гумилев атындағы Журналистика және саясаттану факультетінде аға оқытушы, «Еуразия университеті» газетінде журналист, Қазақстан Республикасы Ұлттық музейдің «Мәдени мұра» журналында Бас редактор қызметтерін атқарды.

Қазір КР Ұлттық музейдің Баспасөз хатшысы.

Қазақстан Журналистер одағының мүшесі.

Бірқатар ақындар айтысының жүлдегері.

Тұындылары көптеген ұжымдық жинақтарға енген.

«Көтердім ақ желкенін жыр кеменің» (поэзия) және «Арқаның ару қыздары» (портреттер кітабы) жарық көрген.

Халықаралық «Шабыт» фестивалінің дипломанты.

Қарағанды облысы әкімінің «Алтын сұңқар»

және «Тіл жанашыры» сыйлықтарының иегері.

Халықаралық Қазақ Творчестволық бірлестігінің

«Мәдениет майталманы» медалінің иегері.

**Жұлдыз  
ТОЙБЕК**

**КЕУДЕМЕ КӨКАЛА ҮЙРЕК  
КЕЛІП ҚОНСА...**



Алматы  
2019

ӘОЖ 821.215.122

КБЖ 84 (5каз)

Т 49

«Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің  
Тіл саясаты комитеті «Мәдениет және өнер саласындағы бәсекелестікті  
жоғарылату қазақстандық мәдени мұраны сақтау, зерделеу мен насыхаттау  
және мұрагат ісінің іске асырылу тиімділігін арттыру» бағдарламасы  
«Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін сатып алу, басып шығару және тарату»  
кіші бағдарламасы бойынша жарық көрді»

**Тойбек Ж.**

Т 49 **Кеудеме қокала үйрек келіп қонса.../ Ж.Тойбек – Алматы: «Қазақ  
энциклопедиясы», 2019. – 86 бет.**

ISBN 978-601-7967-14-7

*Белгілі ақын, журналист Жұлдызы Тойбектің бұл кітабына жүрекten  
шыққан жыырлары топтастырылған.*

ӘОЖ 821.215.122

КБЖ 84 (5каз)

ISBN 978-601-7967-14-7

© Тойбек Ж., 2019

© «Қазақ энциклопедиясы», 2019



## ДАУЫС

Елтаңбамын –

Киіз үй туырлықпын,  
Кеңестің кертартпа  
Уын жұттым.  
Арайлы Азат елдің белгісі бол,  
Тәбеме Тәуелсіздік туын тіктім!

Әнұранмын –

Асқақтаған ұлы Рухпын!  
Тұған жерді терберген ұлылықпын.  
Ұлы даала дауысын мойындаған,  
Ел таныған Еуразия құрылышыны!

Көкбайрақпын –

Ашық аспан тыныштықпын!  
Төрінде желбіреген ырыс-құттың.  
Күнді іліп, Қыран құс қанатына,  
Қара бұлтты қақ жарып,  
тіліп шықтым!

## ЭЛЕГИЯ

Әйнектің ар жағында Күз жылайды,  
Әйнектің бер жағында Қызы жылайды.  
Жап-жасыл жапырағын шашып алып,  
Қос тағдыр мұнға батып, тұнжырайды.

Жүйткіді ала бұлттар аласұрып,  
Жіберген қызы шат құнін таң асырып.  
Аспан – әлем, тұтігіп төніп қаар,  
Ақша бұлт кеткен екен қайда асығып?!

Көкке ұшып қызы байғұстың бал қиялы,  
Құс та кетті тастай сап бар ұяны.  
Желкілдеген желегі желге ұшқан,  
Бұтақта қара қарға жарбияды.

## ҚАЗАҚ ЭЙЕЛІ

Қазақ әйелі – жаралған-ау асылдан,  
Тектілігін сақтап келген ғасырдан.  
Баласы үшін құрбан етіп өздерін,  
Ерлерінің жамандығын жасырған.

Қазақ әйелі – қай дауылдан тосылар,  
Ала қапты арқалаған – осылар.  
Боталарын қастарына жетектеп,  
Тар жолдарда көш бастаған осы – нар.

Азаматқа бергісіз жан – арыстай,  
Ақыл қосқан киын шакта қалыспай.  
Гүлдей нәзік жанға тікен қадалса,  
Ашууланып, атылады – барыстай!

Үрпағы үшін үзілмейтін күдері,  
Қазақ әйелі – ұлтымыздың тірегі!  
Шуағынан нәзіктінің нәр алып,  
Лұпілдеген ер-азамат жүргегі.

Қазақ әйелі – наымышыл да қайратты,  
Тәуекелге талай басын байлапты.

**Кеудеме көкала үйрек келіп қонса...**

Қолда, Алла, әйелдерін Қазақтың,  
Құлатпайтын қолындағы байрақты!

## **МОЙЫН**

Ер – азамат шаңырақтың иесі,  
Жаулықтының арқа сүйер киесі.  
Азаматтың бұлдіргені білінбес,  
ал әйелге жұға қалар күйесі.

Ер – азамат шаңыраққа мұрагер,  
Ұл туды ма? –  
деп алдымен сұрап ел.

Қызды қойшы,  
жат-жүрттыққа жааралған,  
Деп елеусіз қала берер қына бел.

Ер – азамат отбасының тірегі,  
Асырайды білімі мен білегі.  
Қалтарыста тағы қалыс қалады,  
Әйел атты босағаның жүрегі.

Ер – азамат отбасының айбары,  
Ол бар кезде бала-шаға жайдары.  
Сыңары жоқ нәзіктінің сәні жоқ,  
Үйір болар қайдағы мен жайдагы.

Әйел – мойын,  
ер – азамат бас болар,  
Деп біреуі ақыл айттып, жар салар.  
Мейлі, мейлі бәріне де келістік,  
Дұрыс сөздер көкейінде дәп қонар.

Бірақ бір сөз оралады ойыма,  
Нәзіктілер,  
нәзікпіз деп мойыма.  
Мойын қайда бұрылса,  
бас та сонда,  
Екендігін ер – азамат мойында!

## АҚЫННЫҢ ҮЙІ

Ақынның үйі, қарағым – бұл ақынның үйі,  
Қалдырыдым мен кітабымды шашылған күйі.  
Қағаз деп оны қоқысқа лақтыра көрме,  
Парактары ашылып, оқылсын жи!

Білмейсің сен – не екенін ақынның күйі,  
Фәнидің көп қой, оларға тосыннан сыйы.  
Ақын ғой, ол өмірін жырмен өлшектің,  
Дүние жинауға ешқашан жетпейтін миы!

## СЕЗІМ

Шалғайда еді – тұрағын,  
Жеттің бе, мені емдеуге.  
Тарасын жылы шуагын,  
Қыса тұс, ыстық кеудене.

Жанарапынан тұнған мұн,  
Сезімді көрдім жылт еткен.  
Сындырам ба деп қорқамын,  
Алдыңда сенің мұлт кетсем.

Көздерің жылы, тұңғиық,  
Қарайсың жи үрлана.  
Жүрекке үнсіз сыр құйып,  
Жымия күлдің нұрлана.

Арқаның самалындай бол,  
Желпідің майда – келбеттім,  
Домбыраның шанағындай бол,  
Келтіріп күйді – тербеттің!

## БАСҚА БАУДЫҢ ӨРІГІ

Не бол кетті мына менің өмірім,  
Кір шалды ма ақ көйлектің өңірін.  
Ілкі сәттің қызыуна беріліп,  
Таттың ба сен  
Басқа баудың өрігін.

**Кеудеме көкала үйрек келіп қонса...**

Содан, бәлкім,  
Ләzzат алып ерідің.  
Соны аңсайма оңашада ерінің.  
Жел сезімнің жетегінде жүргенде,  
Үркіп кетіп жүрмесін өз  
Елігің!

## **КИЕ ҚОНҒАН**

Болған соң Қарқаралы, Қаракесек,  
Тастайын сөздерімді кесек-кесек.  
Киелі топырақтың қызғалдағы ем,  
Қояйын шабытымды көсеп-көсеп.

Бұл жерде Қазыбектей бабам туған,  
Мәдиім Тұндіктіге бетін жуған.  
Тәттімбеттің күйімен тербетіліп,  
Мақпал қызы асып салып көбелек қуған.

Жүрсек те тіршіліктің әлегімен,  
Кеудемді тырмалайды әлі өлең.  
Еркелеп Өсібайдың бауырында,  
Өскенбіз Жүсекеңнің әуенімен.

Тербелемін Балқантаудың гүлі бол,  
Төгілемін өр Қасымның жыры бол.  
Шаршы топтың алдына шыққан кезде,  
Сөйлеймін Қазыбек бабам үні бол.

Кеудемді бала кезден шабыт қысқан,  
Бақытымды тапқанмын – өлең құстан.  
Дүр ақын Кемпіrbайдың ұрпағымын,  
Кеудесінен көкала үйрек келіп қонса.

Сөйлеген сөздерімнің жалғаны жоқ,  
Нар ақыннан айттар сөздің қалғаны жоқ.  
Кеудеме көкала үйрек келіп қонса,  
Шіркін-ай, бұл Жұлдыздың арманы жоқ!

## ТАУ ҚЫЗЫМЫН

Туған жер – Балқантауым, Қарқаралы,  
Сымбаты асқан сұлу Арқадағы.  
Көк күмбезгө таласып шың құздары,  
Жұпар иісі аңқыған аршалары.

Бійкке қарап ескен тау қызымын,  
Көргенмін орман, бұлақ, бау қызығын.  
Алып таудай қорғаным – халқым да бар,  
Көтеретін қызының бар қылышын.

Тауымның қойнауына киік толған,  
Басына алтын тәж бен кие қонған.  
Өскен соң заңғар таудың ортасында,  
Өмірде ұрпағы да биік болған.

Қарқаралым – ұсынған елге төрін,  
Масатыдай құлпырған жерім-керім.  
Шатқалдар аясында тостағандай,  
Сырларын жасырады Шайтанкөлім.

Тау – шежіре, жатыр бүгіп ғасыр әнін,  
Жағасында майыскан тал, құрағым.  
Суы бал, жері шүйгін топырактың,  
Саф ауасын бір жұтуға асығамын.

Сағыныш қой жанымға әр өскен тал,  
Туған елім қызынды құшағына ал.  
Ұрпағы ұран етіп, атой салған,  
Қарқабат анамыздай құрсағым бар.

Туған жердің бақыты – ұл мен қызы,  
Шаттықтан құлімдесін нұрлы жүзі.  
Маңдайы жарқыраған ұрпағына,  
Қол бұлғайды алыстан шың мен құзы.

## КӨК АЛМА, ҚЫЗЫЛ АЛМА

Көк алма, қызыл алма, алма, алма,  
Тіл үйірер, шекер ме әлде бал ма?

**Кеудеме көкала үйрек келіп қонса...**

Дәмі кетер тістелеп, тастай берсең,  
Көзің тоймай, аузыңа бәрін салма!

Алманың бәрі бірдей көрген жанға,  
Ішінен ең тәттісін тауып, танда.  
Қызығам деп құрт түскен қызылына,  
Қолдағы көк алмадан қапы қалма!

### **ТАБА АЛМАДЫМ ЕМІМДІ**

Түсінбедім, түртті ме әлде шайтаным,  
Әкпелетіп тағы сені қайтардым.  
Артық кеткен қылығымнан қысылып,  
Қабағымды басты қалың қайта мұн.

Білем бәрін, ұнаттың сен жүрекпен,  
Сэттерің көп шуағыңмен гүл еккен.  
Күйіп-жанып, сезім сырын щертсөн де,  
Кезім жок-ау жаным қалап, дір еткен.

Өзің бәлкім, дұрыс тауып теңінді,  
Байқамайсың менің артық-кемімді.  
Аласұрып жанға дәру іздеген,  
Таба алмадым, бірақ сенен емімді!

### **ҚАЙЫҚТАР КУНДЕ КЕЛМЕЙДІ**

Әмір – теңіз бетінде,  
Жүзбес әркім балықтай.  
Әкпек желдің өтінде,  
Бағынды тап, жалықпай!

Тумаса да, барқыт құн,  
Уақыт емші – емдейді.  
Тәуекел деп тас жұтқын,  
Қайықтар күнде келмейді!

Желкениң көтер, желбірет,  
Ауыздықта асай толқынды!  
Әмірді сүйсөң, елжіреп,  
Сыйлайды бақыт мол күнді!

## ЖАЗЫЛМАҒАН ЖЫРЫМДЫ...

Уақыт-емші, сен, мені емдемедің,  
Еншім кетіп барады сенде менің.  
Аласұрып барасың қайда асығып,  
Перште емес – сен дағы  
пенде ме едің?!

Бәйгеге жаңа қосқан жараулы аттай,  
Уақыт – тұлпар,  
барасың аялдамай.  
Жазылмаған жырымды өтінемін,  
Қалдырып кет, өзіңмен жетекке алмай.

Уақыт – әділ төреши  
ак, қарага,  
Өзімді алдап, өзгеден бақ табам ба?!

Өлең сөзді өрнектеп өре алмасам,  
Билігінен уақыттың ақталам ба?!

Келеді жыр маржанын жинап тергім,  
Откен күнде белгі жоқ дейтіндер кім?!

Жыр тауына өрлесе өлеңдерім,  
Келер күнге қалдырған мениң белгім.

## ЖЫРЫМ ҚАЛДЫ...

Жырым қалды туысқанның табанында,  
Жырым қалды жетім бала қабағында.  
Қарашаны қара өгіздей сүйреймін деп,  
Қайнамаптың қара өлеңнің қазанында.

Жырым қалды сәбидің бесігінде,  
Жырым қалды жат босаға есігінде.  
Жургенде тіршіліктің тоқпағымен,  
Қаланбаптың өлең – кірпіш кетігіне.

Жырым қалды сүйгенімнің құшағында,  
Жырым қалды налыған құса-мұң да.  
Қадірін қара сөздің кештеу ұғып,  
Жырым қалды туылмай құрсағымда.

**Кеудеме көкала үйрек келіп қонса...**

## **ҰЛЫ ТҮЛҒА ТОҚТАРҒА**

Жарқырайды Қарқаралы – оттарың,  
Ақын шыққан, батыр шыққан – от-жалын.  
Қасиетті топырағында Қазақтың,  
Нас батыры туған екен – ТОҚТАРЫМ!

Елі үшін түсті ұлың – отқа мың,  
Нұркен, Мартбек жасыныңды жоқтадың.  
Тұнғыш рет Қазағымнан ғарышқа,  
Жолды салды Батыр ұлың – ТОҚТАРЫҢ!

## **АҚПАН**

Ақ жаймаға оранып,  
Жер-Ана жатыр тынысталап.  
Көрінбей көзге жол анық,  
Боранның тұр жыны ұсталап.

Кетсе егер ұйып пәк әлем,  
Кенеттен тағы долданар.  
Соға тұс әзір, қап, бәлем,  
Кектем кеп сені қолға алар.

Ыза боп жерден уысталап,  
Лактырдым қарды жентектеп.  
Ығысу қайда – жылысталап,  
Құтыра соқты жел тентек.

## **БҰРЫМ**

Қыз көрсем, қолаң шашы жалпылдаған,  
Көңілім пәсөң тартып, салқындаған.  
Өріміндей қамшының өріп қойған,  
Қос бұрымым бұрынғы жақын маған.

Бұрымым – қымбат еді, нарқың маған,  
Суға жусам бұлагымның жарқыраған.  
«Бұрымыңнан бір сипауга бола ма?», – деп,  
Қылылып, бозбалалар лапылдаған.

## Жұлдыз ТОЙБЕК

Қиган соң бұрымымды қайшыменен,  
Жастық шақ бұрылмастан қашты менен.  
Іздесем, сол бұрымды сағынышпен,  
Шаштары жалбыраған жасты көрем...

### БОТОКС

«Қалайша өзгермеген бет әлпетін» –  
деп кластас бұл қалай, бас салғаның?  
Сан сұлулық салоны тұрса-дағы,  
Табиғат тартуынан қаша алмадым.

Қазақ қызға жарасқан оймақ ауыз,  
Дүрдитіп дорба ерін жасамадым.  
Қигаш қасқа киылып қарап жігіт,  
Жасанды татуажды қашамадым.

Ектіріп ботоксты қос жағыма,  
Бұлтитып бетті алмадай – жасармадым.  
Арықтауға аландал, ақ тер болып,  
Күрсағымды қара сумен баса алмадым.

Кірпігіме наизадай кірпік қадап,  
Жанарымның ажарын аша алмадым.  
Бетіме аздап опа жаққанменен,  
Алланың бергенінен аса алмадым,  
Сыйымен жүрмін әлі,

ЖАСАҒАННЫҢ!

### «БЕТОН» БАС

Мынау өзі не көрмеген «бетон» бас,  
Ауыр еken жан дүниеге түскен тас.  
Мұлгіп тұрған шыр көбелек дуние,  
Өзгереді арасында көз бен қас!

Сатқындықтың уын ішіп сан талай,  
Ауыз қүйген, үрлеп ішпей, байқамай.  
Өтірікті шындей етіп соққанда,  
Ұйып тындал, елтуші едім, бұл қалай?!

## Кеудеме көкала үйрек келіп қонса...

Сұр жыландар талма тұстан шаққанда,  
Жарық жүлдyz сөніп, тәмен аққанда.  
Бағытыңнан адасып бей-уақ қаласын,  
Кеткендей күнің айналып боран ақпанға.

Шыдас берді әр соққыға «бетон» бас,  
Жалғандыққа әуел бастан – жаным қас!  
Жақын жаннан көрген едік қүйқайды,  
Лактырмаса, болды енді, бөтен тас!  
Лактырса да, жарылмайды «бетон» бас!

## КЕШІГІП КӨШІМ КЕЛДІ

Қарсы алдым көктемімді,  
Есілдің жағасында.  
Үндемей өткен күнді,  
Сыр бүгіп, қаласың ба?

Табаннан сызы өтіп,  
Уақыттың барасың ба?  
Айдыннан мұзың кетіп,  
Күшаққа аласың ба?!

Есілдің жағасына,  
Кешігіп көшім келді!  
Кеткен жат баласына,  
Алайың өшімді енді!

Ақкуға қиқу қосып,  
Айдынға келіп қонам.  
Толқынға бетті тосып,  
Жағаңа жартас болам!

## БҰЛБҰЛ БАЛАМА

Сан тілде сайрағанда бұлбұл балам,  
Жалт етіп қарады күллі ғалам!  
Димашым шыққанда өнер биігіне,  
Дүр етіп көтерілді – Ұлы далам!

Миллиардтаған халқы бар Аспан асты,  
Димашымның өнеріне аузын ашты.

# Жұлдыз ТОЙБЕК

«Адай» күйін тартқанда төкпелетіп,  
Қасиетті домбырамның мысы басты!

Шырқалғанда «Дайдидау» халық әні,  
Бұлкілдеген бойымызда Қазақ қаны!  
Тыңдағанда тынысы кең тұлпарымды,  
Қалды әзер қытайыңың шықпай жаны.

Жиырма бірінші ғасырдағы дүлдүлім,  
Өзгелерден үні бөлек – бұлбұлым!  
Аузына бар әлемді қаратып,  
Жарқырай тұс, өнердегі жүлдүзым!

## АНА ТІЛІМ

Қазақ тілде – қазағымның қаны бар,  
Қазақ тілде – қазағымның жаны бар!  
Адам түгілі, айналаңа қарасан,  
Өз тілінде дыбыстайды жануар!

## ӘЙЕЛ ЕМЕС, ОЛ – АҚЫН

Ақын қыздың тағдыры,  
Бұраланды, талайлы.  
Нәзік жанын ауыртып,  
Небір иттер талайды.

Кең дүниеде тыптырып,  
Жаны нені қалайды?!  
Місе тұтпас ұсақты,  
Тек, биікке қарайды.

Ақын қызға бермейді,  
Махаббатты – тұрақты.  
Әйел емес, ол – ақын,  
Ертеп мінген пырақты.

Сылдыратар бұлакты,  
Желкілдетер күрақты.  
Жақындартар жырақты,  
Лапылдартар шырақты.

**Кеудеме көкала үйрек келіп қонса...**

Табиғаты тылсым сыр,  
Жаратпайды сұрақты.  
Ақын қыздар көтерер,  
Алла берген сынақты!

## **ТАҒДЫРЫМ**

Тағдырым – еш әйелге ұқсамайды,  
Сездірмеймін, кірпігімде тұрса қайғы.  
Өмірімді өзгеше өрген жанмын,  
Ісімді кейбір жақын құптамайды.

Мұңаямын, бірақ та жыламаймын,  
Сүрінемін, бірақ та құламаймын.  
Әуел бастан рухыма сенген жанмын,  
Қол жайып, жұрттан көмек сұрамаймын.

Сүйредім, жат Ананың көшін алға,  
Баласына тәйт демедім, өшім бар ма?  
Бауырима бассам да басы иілмей,  
Алыстады, тиген соң аузы балға.

Іздедім арқа сүйер, жанға тірек,  
Кездесспеді демеймін күш пен білек.  
Өз жанын көп күйттеген азаматпен,  
Шаршапты мына өмірде нәзік жүрек.

Өмірім қарап тұрсам өрмекшінің,  
Торындаі құрып қойған шым-шытырық.  
Киналам, жол іздеймін, алға ұмтылам,  
Кететін жолды таппай кіл сыйылыш.

Көз жасымды көл етіп көрсеткем жоқ,  
Көрінемін сырт көзге көнілім тоқ.  
Сырқаттанам, бірақ та сыр бермеймін,  
Жатса да жүрегіме дөп тиіп оқ!

Рас, рас, сырт көзге тәкаллармын,  
Ойлады мына мен де жоқ ешбір мұн.  
Жасаған ізгі ісінді ұмытқанда,  
Жігерім жасып, болған көнілім құм!

Ақылды бола бермес жасамыс та,  
Қателесіп қалғандаймын осы тұста.  
Көлбендерген көбелекті кетті қып,  
Ұясын тастап, ызғарлы күз бен қысқа!

## ӘЙЕЛМІН

Әйелмін, жаным нәзік жаратылған,  
Күйеуін көрсе айырылған тағатынан.  
Білегі ауыра қалса сәбінің,  
Жүргегі ауырып, сыздап таң атырған.

Әйелмін, отбасының берекесі,  
Біздермен кірер үйдің мерекесі.  
Тыным таппай ерлерше еңбек етіп,  
Болып та кетер кейде ел еркесі.

Әйелмін, шуагымен аялаган,  
Баласы құшағына саялаған.  
Маздал жанған отынан қазан түспей,  
Қонаққа дастарқанын жайған алдан.

Әйелмін, мейірімді жылдылықпын,  
Бастаушысы болатын ұлылықтың.  
Қара түгіл патша да бас иетін,  
Тенеу жетпес, қол жетпес сұлулықпын.

Әйелмін, тұнып тұрган ақылдылық,  
Жіберетін жатты да жақын қылып.  
Ер азamat сол сэтте еріп кетпей ме екен,  
Әйел жандар көрсетсе тәтті қылық.

## БОЛАШАҚ АНАМЫН

Көкейімде болмайтұғын нала мұн,  
Ерке қызы едім мына даланың.  
Шолжандығым қалып барад сағым боп,  
Өйткені, мен болашақ анамын.

Тартып кейде қылықтары баланың,  
Сәбілердің бәрін сүйіп барамын.

## **Кеудеме көкала үйрек келіп қонса...**

Кіндіктері кішкентаймен жалғасқан,  
Болатұғын, мен болашақ анамын.

Бір сен десең от боп лаулап жанамын,  
Жылылықты бір өзінен табамын.  
Сүйіктімді қас қабақтан танып-ақ,  
Түсінетін мен болашақ анамын.

## **ҰЫЗЫНАН ЖАРЫҒАН**

Айнал,  
айнал,  
Аналарды,  
барынан,  
Бәрі дағы ақ сүтінен дарыған.  
Бала ақылды болады,  
Уызынан жарыған.

Әйелдерге нәрестесін  
туа алған,  
Періштелер көктен түсіп куанған.  
Әдемісі әйелдің,  
Уақыттымен суалған.

Мейірімін баласының қандырған,  
Келер бала үшін дағы қалдырған.  
Сорпылдатып бала екі жыл ембесе,  
Сүт шықпайды  
қатып қалған шандырдан.

## **СӘБИІМ МЕН ЖЫРЫМ ЕГІЗ**

Ұлым менің,  
келесін бе ержетіп,  
Бесігінді бір қолыммен тербетіп.  
Сенің түнгі бал ұйқынды қүзетіп,  
Бір қолыммен өлең жаздым селдетіп.

Сәбиім де,  
жыр да маған егізсің,  
Толқытатын, шалқытатын теңізсің.

# Жұлдыз ТОЙБЕК

Екеуің мен марқайып қараймын,  
Мәңгілікке артта қалар сен ізсің.

Екеуінің ұзақ болып толғағы,  
Алла менің ниетімді оңдады.  
Осы қызыым қиналмасын дегендей,  
Қарқабаттай анам тағы қолдады.

Ұлдарым мен жырларымды қосып ап,  
Жүрмін алдан жақсылықты тосып ап.  
Егіздерім – артта қалар мирасым,  
Конған екен мандаійма осы бақ.

## АЛА ҚАП

Ала қап әйелді,  
Алысқа бастайды.  
Жеріне жеткенде,  
Басына жастайды.

Шаштан көп әйелдің,  
Бейнеті жалғанда.  
Сүйенген қабына,  
Жүре алмай қалғанда.

Қалды ма адасып,  
Жол біткен тарады.  
Арқада – ала қап,  
Тенселіп барады.

Бар ғалам әйелге,  
Қарайды алқалап.  
Әйелдік бейнетін,  
Барады арқалап.

## АРУЛАР

Жыр жазам шабыттанған көніл-күймен,  
Ғашықтықтың дертіне көбі күйген.  
Тал бойында міні жоқ сұлулыққа,  
Қара түгіл, патша-дағы басын иген.

## Кеудеме көкала үйрек келіп қонса...

Ақыл-ой, қылығымен табындырган,  
Сан Ару бар бозбаланы сағындырган.  
Сүйкімді әрі ақылды сүйгені үшін,  
Қиоға жігіт әзір жанын құрбан.

Арулар – шуақ шашқан атқан таңдай,  
Ақ жүзі алаулаған, жазық маңдай.  
Мың бұралған бойжеткен аруларды,  
Қол тигізбей сыртынан сүйген қандай!

## МЕНИҢ ЖОЛЫМ

Балам менің барым да,  
Балам менің мәйегім.  
Барап жері жұмақ дейд,  
Үш қызы тапқан әйелдің.

Жұмақты ойлап кетем де,  
Кеңи түсті құшағым.  
Елестеген жұмақ боп,  
Үш қызыға қарай ұшамын.

Үшінші ұл бұйырмай,  
Жүрегім кеп сыздайды.  
Үстар едім барынша,  
Үш келінді қыздай қып.

Екі ұлым барда қолымды,  
Жылы суға малармын.  
Жетпей тұрған бір қызды,  
Енді қайдан алармын.

Сөз болып па, тәйірі,  
Таптым!  
Білсін Жұлдызды.  
Үшке санын толтырғам,  
Асырап алып бір қызды.

## НОҚТА

Жанымның жамалы,  
Алынбас қамалым.  
Болғанмен еркектің,  
Жоқ әйел жаманы.

Сұлулық пішімде,  
Әдемі мүсінде.  
Әйелдің әбені,  
Томпиған ішінде.

Жоқтайын еш міні,  
Қисық қып пішкені.  
Әйелдің сұлуы,  
Ноқтаға тұскені.

## ЕШТЕҢЕГЕ ТАҢҒАЛМА!

Жаманды танымайды аңғал жандар,  
Адал жанды таниды аңғарғандар.  
Сенім артқан жақының сатып кетсе,  
Бетті шымшып, құр бекер таңғалмандар!

Таңғалмандар, жар дегенің жылан болса,  
Қолтығына қысқаны кезбе, сыған болса!  
Мұндайларға аңғал жан мән бермейді,  
Кеудесі тұнған әсем жыр-эн болса!

Таңғалма, досым деген – дұшпан болса,  
Қос уысына улы зәр қысқан болса!  
Табактас боп, бірге ас ішкеніңше,  
Дұшпаның қауіпсіздеу – тыстан болса!

Тұршіккен сайқалдардан дene талай,  
Жүреді әрбір басқан ізін санай.  
Жоғарыға жағынып, басын изеп,  
Жапалақша жалпылдаپ, жүрсін содай!

Өмір деген білгенге – олай-бұлай,  
Біреуді Бақ еken деп сүйме құлай!  
Көп жұлдыз зенгір көктे тұрганымен,  
Онаша қалған еken неге КҮН, АЙ!?

**Кеудеме көкала үйрек келіп қонса...**

### **ӘРТІС ӨМІР**

Өмірді мойында май бар қырынан,  
Шаршамас жүрт – әртістік тағдырынан.  
Жүреді рөлде жақсы ойыншы боп,  
Қысылып, өсек сөздің салқынынан.

Ауруын жасырғанды – өлім күтер,  
Ішқұсадан сол өлім бір күн жетер.  
Өмірді сүрейікші шынайылықпен,  
Бұл қу жалған басынан өтер, кетер!

Япырмай, кімге керек бүркеншігің,  
Соңынан ашылса егер үлкен сырың.  
Бойындағы сабырлық сынып кетіп,  
Тарс етіп атылмасын бір күн тығын!

### **НҰРСАРАҒА**

Дүние шіркін өзгеріп,  
Үршықтайын дөңгелер.  
Айналайын, немерем,  
Саған кім бар, тең келер!?

Әжесіндей Жұлдыздың,  
Жұлдызшасы – өзіңсің.  
Жазып жүрген жырының,  
Шабыт берген сөзісің.

Жан ботамды сүйгенде,  
Басым бактан айналар.  
Үлкендерге алданыш,  
Сендей сәби қайда бар?

Әжесінің кітabyн,  
Оқимын дейтін немерем.  
Қылышымен баураған,  
Тәтті-ай, өзі не деген!

Немеремнің исіне,  
Раушан гүл де тең келмес.  
Құлышынды бір қыспай,  
Жан дүнием емделмес.

## **ЖҰЛДЫЗ ТОЙБЕК**

Әже деген даусыңа,  
Жүрек еріп, елжірер.  
Тартсаң егер тегіне,  
Сені де ертең ел білер.

Қуа берсе жеткізбес,  
Байлық, мансап – бір сағым.  
Артта қалар – қазынам,  
Аман болшы, **ҮРПАҒЫМ!!!**

### **НЕМЕРЕМ ЗАКИРАҒА**

Табаныңа гүл төсеп өтем,  
Жүргімнің титтей бөлшегі!  
Сонында қалар ұрпағың екен,  
Өмірдің мәңгілік өлшемі!

Есім бердік ЗАКИРА деп,  
АЛЛАНЫҢ берген аянымен.  
Оқысын ертең «ФАТИХА» деп,  
Алақанымды жаямын мен.

Немере десе – нұрлы Күн күлген,  
Екіге толды – ертеңім менің!  
Шайқалмайтын кемеме мінген,  
Желбіреші, ақ желкенім менің!

### **ЖЕТЕР ЕНДІ**

Жетер енді, сатқындыққа шыдағанмын,  
Итерсе де, шың-құздан құламадым.  
Кеудемді өрт-дауылға тосып келдім,  
Көз жасын сұртемін деп жылағанның.

Жетер енді, мені осынша сынағаның,  
Не көрмеген бұл басым, шыда жаным.  
Талай-талай сын сағаттан аман қалдым,  
Назарында жүрген соң бір Алланың.

Бассам да қу тағдырдың сыйықтарын,  
Табаным қанамайтын, шыныққанмын,

## **Кеудеме көкала үйрек келіп қонса...**

Дүниеде опасызың җаман екен,  
Кезігіп, сол құрғырға сынып қалдым.

### **АҚЫН БАР**

Ақын бар – аз айтса да, саз айтатын,  
Қазақтың қара өлеңін байытатын.  
Қаймағын сүт бетіне алып шығып,  
Сары майын тортасынан айыртатын.

Ақын бар – жазғанын ешкім ұқпас,  
Мақтанғанда аузына аузы жүқпас.  
Керегін халық өзі тандап оқыр,  
Түбінде сол жазғыштан түк-те шықпас.

Ақын бар – ауыратын жүлдиз болып,  
Бес өлең жазса болды, ұшып қонып.  
Кетірмей сөз қадірін, өз қадірін,  
Кеудесі тұрса екен жырға толып.

Ақын бар – жанартаудай атылатын,  
Кеудесі жалын атып, аһ ұратын!  
Сұлу сөзді сапырып, құнын алмай,  
Қадірлейік, қасиетті Ақын атын.

### **ЖУРНАЛИСПІН**

Қолынан қағаз, қалам түспейтін,  
Жақсы мен жаманды тез түстейтін.  
Қын сәтте қарашаның қамын жеп,  
Алдына қойған асын ішпейтін.

**ЖУРНАЛИСПІН,**  
Сөздері дөп тиіп, мірдің оғындей,  
Тұгендереген бар мен жоғыңды-ай.  
Жел жағынан жұртқа пана болып,  
Үйқысыз жүрер аттың қомында-ай!

**ЖУРНАЛИСПІН,**  
Тосқауыл қоятын тасқанына,  
Ортақтаса білетін басқа мұнға.

## Жұлдыз ТОЙБЕК

Терең ойды орынды қозғағанда,  
Сөзімен тоқтататын патшаны да!

ЖУРНАЛИСПІН,  
Желден бұрын жеткізер жаңалықты,  
Қолындағы қаламы – қару дара, мықты.  
Ғаламның жаршысы – журналистер,  
Жалғай бер, Ұлы Даға – даналықты!

## АҚЫН ДЕЙДІ МЕНІ ЖҰРТ

Жыр жинағым шықпаса да,  
Жанымды ешкім үқпаса да,  
Ақын дейді мені жұрт.

Сөз сойылын сермесем де,  
Жырдан бәйге бермесе де,  
Ақын дейді мені жұрт.

Көптен өлең жазбасам да,  
Жырдың кенін қазбасам да,  
Ақын дейді мені жұрт.

Бар өнерді жасырсан да,  
Қыр асырып, қашырсан да,  
Танып алар елің, жұрт!

## ЖАН ДУНИЕМДІ ҮҚТЫ КІМ?

Өтіп жатыр уақыт шіркін, зымырап,  
Мен келемін бір сүрініп, бір құлап.  
Жұтылмаймын, алға қарай ұмтылам,  
Асая толқын жатса-дағы жүлқылап.

Бір жалғыздық жегідей жеп жанымды,  
Атырамын кейде үйқысыз таңымды.  
Баянсыздау тағдырымнан шаршадым,  
Қолға ілінбес, жеткізбейтін сағымды.

Иә, иә, жаным сірі – мықтымын,  
Талай рет батып тұнім, шықты Құн.  
Кешірсем де сан топас пен сатқынды,  
Тұзым жеңіл, жан дүниемді үқтты кім?!

**Кеудеме көкала үйрек келіп қонса...**

## **БАЙ МЕН КЕДЕЙ**

Байқасам, кей бай келер қалтырауық,  
Кигенмен ұлде-бұлде, жалтырауық.  
Кедейлер келер әр кез кенпейіл боп,  
Қысылсан қарайласар ол бірауық.

Байқасам, бай ақшасы есептеулі,  
Қолына ұстаса да кесек мейлі.  
Кедейдің қолы ашық, жаны жомарт,  
Бір Аллам береді деп есептейді.

Бай жүрер ұсті-ұстіне байысам деп,  
Ұшақ алып, аспанға, Айға ұшам деп.  
Кедей отыр барына қанағат қып,  
Қант пенен шайымды айырсам деп.

Жоқ болса да қалған емес кедей көштен,  
Ақылды боп ұл-қызы жайнап өскен.  
Еш бейнетті көрмеген бай баласы,  
Жаман жолға үйір боп жүр-ау көптен.

Менсінбей кедей-кепшік адамдарды,  
Қалталыдан ізdemейік ақ арманды.  
Мынды айдаған байлардың ізі де жоқ,  
Тек тұнжырап, кең байтақ далам қалды.

Ку жалған саған бір күн ауыз салар,  
Опасыз байлық, мансап бәрі қалар.  
Жинаған дүние, ақша жолдас болмай,  
Тек қана сыйластықтың сәні қалар!

## **СҮРЕТИШІ**

(Дүниеден ерте откен жсан жарым, баламның әкесі, немерелерім-  
нің атасы Қайрат Сейітұлы Қонарбайтегінің рухына арнаймын)

Айналасын гүл еткен,  
Алтын қолды суретші ен.  
Суретінді көрген жұрт,  
Таңғалып талай дір еткен.

Кісіге бар еді жұғымың,  
Қысқа да болды ғұмырың.

## ЖҰЛДЫЗ ТОЙБЕК

Адамдардың барлығын,  
Тек бауыр деп ұғындың.

Аңқылдаған ақ пейіл,  
Жүргі таза жар едің.  
Жақсының бағын байлаған,  
Замана неткен тар едің!..

### ХАЛЫҚТЫҢ МЫНАУ ДҮМПҮІ

Бұтаққа жаңа бүр шығып,  
Немерем ұзақ қарады.  
Ішімде күйік тұншығып,  
Жүргім от бол жанады.

Желтоқсаншыл қыз едім,  
Ызаға толған жанары.  
Жетті ғой әзер, Күн шығып,  
Тәуелсіздіктің ғажабы.

Саудага салды жерімді,  
Жоқ па еді, басқа амалы.  
Барады жаным түршігіп,  
Бұл билік не бол барады?!

Бұтаққа жаңа бүр шығып,  
Немерем ұзақ қарады.  
Халықтың мынау дүмпүі,  
Ойландырды ма, баланы.

### НЕМЕРЕ

Немерелер сыңғырлап бір құлгенде,  
Шаршағаным тараң кетер бір демде.  
Жұрт темірден жұлдыз іздел жүргенде,  
Жұлдызышалар жарқырайды кеудемде!

Былдырылаған бал немерем барында,  
Қызықтырмас байлық, мансап, тағың да!  
Ризамың, бір Аллаға мен шексіз,  
Бұйырыпты, Әже болу бағыма!

Кеудеме көкала үйрек келіп қонса...

## ТОПАСТАР

Тілдері майда,  
Істері айла,  
Бір сөзі жоқ ой тастар.

Билікке жағып,  
Қабағын бағып,  
Алдына түсіп ойқастар.

Өтірік мақтап,  
Тұргандай жақтап,  
Арқадан қағып қолпаштар.

Аяқтан шалып,  
Тобықтан қағып,  
Араға түсіп от тастар.

Алам деп орнын,  
Күжірейтіп жонын,  
Басшысы кетсе топ бастар.

Жат болып шығып,  
Өзгеге бұрып,  
Кара басын қорғаштар.

Агайын, сақтан,  
Бір Алла Хақтан,  
Қорықпайды ондай топастар!

## АНА ДЕГЕН ҚҰДІРЕТ

(Анам Рымкұл Әлпейісқызына)

Қызыңмын ғой өзің айтқан «жұлқынған»,  
Жырым шықты жүргімнен бұлқынған.  
Намыстаннып Сізге жетіп барушы ем,  
Көйлек кисең жағалары қырқылған.

Қамын ойлап ұядагы баршаның,  
Үйықтамадың тыным таптай қанша күн.  
Мама қаздай ортамызды жүргенде,  
Демеуші едің, ешуақытта шаршадым.

## Жұлдыз ТОЙБЕК

Өздеріңсіз қалай енді жан бағам,  
Бір-бір әлем деуші едіңіз, әр балам.  
Бір-екі ұлдан мезі болып кеткенде,  
Сол кездегі қайратыңа таң қалам.

Мен балаймын өзіңізді асылға,  
Алыптарды әкелетін ғасырға.  
Еш алаңсыз жарқылдаپ та жүргенім,  
Анашымның арқасы ғой расында.

Көрген түстей етіп кетті бұрынғым,  
Ақ-қарасын тіршіліктің ұғындым.  
Көңіл құсы құлағанда биіктен,  
Келеді әлі құшағыңа тығылғым.

Жүруші едің, жүруші едің «Күнім» деп,  
«Қойшы, шеше, күнің не?» – деп күліп ек.  
Енді білдік, жан жылуын сыйлайтын,  
Ана деген – ұлы ұғым ғой құдірет!

### АРУ КӨКТЕМ

Киінетін киім болмай басқадай,  
Ақшакар қыз ақ кейлекін тастамай.  
Шыға келген кездे көктем-қыз күліп,  
Намыстанып көзден акты жас парлай.

Келгенінде гүлдей жайнап қыз күліп,  
Кетті жаны кір көйлектен түршігіп.  
Қашпак болған кезде қарқыз сыйтылып,  
Ақ көйлекtiң қалды етегі жыртылып.

Сылқ-сылқ күліп қала берді қыз-көктем,  
Аймалады ару жүзін күн көктен.  
Жер-Ананың қара тоны үстінде,  
Мен сияқты кім бар, қане, гүл шеккен.

Өзен-көлге деді сосын сал әнді,  
Құлпыртайық мынау байтақ ғаламды.  
Көз жасынан құрап алып қарқыздың,  
Айна қылып, Ару көктем таранды.

## Кеудеме көкала үйрек келіп қонса...

Ару көктем тұнған бойы сұлулық,  
Қара тасты жібітетін жылышық.  
Тіршіліктің қан тамырын игізген,  
Нұрын шашқан Ұлыс құнгі ұлылық.

## КИІКТЕР КЕТТИ АЗАЙЫП

Атомның салған,  
жазылмай жатып жарасы,  
Жетпегендейін,  
жамалды тағы жаңасы.  
Алақан жайып,  
аспаннан Нұр тілеген,  
Гептилдің астында  
Асанның қалды Алашы.  
Карқаралының  
тау менен орман, даласы,  
Қазақтың болған  
көзінің ақ пен қарасы.

Жолынды бөгер  
киіктер кетті азайып,  
Бездірген сені  
Сынақтың зіл заласы!  
Зәредей залал  
келмейді еken гептилден,  
Дегенге сенбе,  
білгіштер айтса шет жүрген.  
Ақшасын берген  
«ағайының» сырт айналып,  
Тәттіге алданған,  
баладай қылдық деп күлген.

Кінәлармысың  
түйсіксіз безген андарды,  
Ту тігіп қазақ  
Тұған жеріне байланды,  
Қапшыққа салып  
долларын тендереп берсе де,  
Көргенің бар ма  
денсаулықты сатып алғанды!

## ЖҰЛДЫЗБЫН, ЖЕРДЕ ТҮРАМЫН

Суырып салып,  
Талай жырды құрадым,  
Бұл өмірден  
Тек қанағат сұрадым,  
Көп жүлдышдар дейді  
Көкте тұрағым  
Мен – Жұлдызбын,  
Бірақ жерде тұрамын!

## ӨЗ ТИЛЕМЕ ШЫБЫН ЖАНДЫ БАЙЛАДЫМ

Отті-ау біздің басымыздан бір белес,  
Орыстардан басқа жұрттар ұлы емес.  
Білмей жатсан орыс тілін тереңнен,  
Қазақ тілде сөйлегенің түк емес.

Жаным ашиды, кеткендей-ақ бәрі текке,  
Түсті-ау менің туған тілім тәлекекке.  
Орыс тілін жетік білу керектін,  
Баруы үшін арман жетпес Артекке.

Амалсыз жұрт осы тілге бас қойды,  
Ойламады одан бөлек басқа ойды.  
Өзге тілде сөйлегендер мақтанып,  
Дүйім жұртты қазақ тілге қас қойды.

Ұл-қызы шықты ана тілін шұбарлап,  
Астан-кестен шыға келді тұрған бақ.  
Ана тілін мирас етті бабалар,  
Ал, ұрпағы дәрменсіз болп тұр қарап!

Шұбарланды ардақты тіл, шешен тіл,  
Бір-ақ сөзбен билік айтқан көсем тіл!  
Ана тілсіз жаназан да шықпайды,  
Олай-былай болып кетіп өлсең бір.

Ана тілі – ұлы данышпан Абай тіл,  
Қаламынан туған дана талай жыр.

## **Кеудеме көкала үйрек келіп қонса...**

Тұған тілін ту қып биік көтеріп,  
Өз тілінде сөз қалдырған талай дүр!

Көрсететін қазағымның елдігін,  
Осы тілде өлең жаздым мен бүгін.  
Өз тілінде сөйлемесең, ағайын,  
Танытады сені әлемге енді кім?!

Дүние – кезек, туды бүгін құніміз,  
Әлі де еркін шықпай жатыр үніміз.  
Өз жерінде, өз елінде тұрса да,  
Сөйлемейді неге Ана тіліміз!

Тұған тілім – желбіреген байрағым,  
Өз тіліме шыбын жанды байладым.  
Қазақ атын аспандатам десеңіз,  
Ең алдымен Ана тілде сайрағын!

## **МЕН ТУҒАНМЫН АҚПАНДА**

Мен туғанмын арқыраған ақпанда,  
Алай-дулей боран болып жатқанда.  
Жан анашым қуаныштан шаттанған,  
Жеткізгені үшін мені ақ таңға.

Мен туғанмын Балқантаудың бауырында,  
Жасыл арша, көмкерілген тауында.  
Алта соққан ақ бораннан ата-анам,  
Жете алмаған өзі тұрған ауылына.

Мен туыппын аңы болып толғағым,  
Бибетима пірім сонда қолдадың!  
Ақ боранның киесі ұрып ақпанның,  
Ұйытқыған дауыл, боран жолдарым.

Мінезім бар кейде соққан борандай,  
Ашулансам тоқтай алмай, қоя алмай.  
Содан кейін жайнап шыға келемін,  
Түк болмаған секілді бір ой, Алла-ай!

Содан бері өтті талай ақпан жыл,  
Аппақ қарға сан оранды жатқан қыр.

Ақпан күнгі туған сол бір ақ сүр қызы,  
Ақ қағазға мөлдіретіп жазған жыры.

### БИЕКПИН, ХАЛҚЫМ БАРДА!

Кездер бар қиналатын,  
Ах ұратын,  
Тығырықтан жол таптай сабылатын  
Шарқ ұрып сергелденде жүрген кезде,  
Халқым бар,  
қасымнан табылатын.

Күндер бар тағдыр теріс үн қататын,  
Жол болмай долы боран бұрқататын.  
Кайғы түсіп,  
қабырғаң қайысқанда,  
Халқым бар,  
көзден жасты құргататын.

Сәттер бар біреулер өктем еткен,  
Жетпей жатса көніліме ерте көктем.  
Жаралы жүрегімді емдең берер,  
Халқым бар, аялаған,  
еркелеткен.

Дарын бар жақсыларды жағалайтын,  
Жол іздеп бар өнерді жаға алмайтын.  
Бармақтай өнерінді өрге сүйрер,  
Халқым бар,  
енбегінді бағалайтын.

Дүшпан бар сөзіменен түйрейтуғын,  
Басынды алтын босағаға сүйрейтуғын.  
Қапыда құлап кетіп бара жатсан,  
Халқым бар, сүрінгенде сүйейтуғын.

Жеткізетін ұл-қызын жарқын таңға,  
Мен биекпін, көтеретін халқым барда.  
Асылын ардақтайтын елім барда,  
Өкпелеуге өмірге  
хақым бар ма?!

**Кеудеме көкала үйрек келіп қонса...**

### **САГЫНДЫМ...**

Сагындым арман қуған Алматымды,  
Қалаңда бізге қалу армантын-ды.  
Жұрсем де Сарыарқамда алшаң басып,  
Жадыма пір тұтамын әлі атынды.

Сагындым қалашығым ҚазМУ-ымды,  
Алансыз білім алған жаз күнімді.  
Жастықтың желігімен думандатып,  
Жүретін жастарменен мәз күнімді.

Сагындым білім алған журфагымды,  
Жинаған ордасына кіл дарынды.  
Жарысып жастар өлең өруші едік,  
Жырга қосып жайнаған гүл бағынды.

Сагындым мөлдіреген жастық шақты,  
Сауық сайран, думанмен таңым атты.  
Сырға тұнған аяулы сол бір шақтың,  
Тым алыстап кеткені жанға батты.

Сагындым сонда өткен қызы ғұмырды,  
Жігіттерге қөнбейтін біз қыңыр-ды.  
Қылықты қызы кездерім еске түсер,  
Кешкенде бастан кейде күз күнімді.

Сагындым бірге оқыған курстасты,  
Бірге ойнап, бірге құліп қызығы асты.  
Қасынан шықпайтындаі сол құрбылар,  
Бұл күнде өзгелермен қол ұстасты.

Сагыныш қой, бәрі де сагыныш қой,  
Өмірдің дегеніне бағыныс қой.  
Тірліктің қазанында кеттік кайнап,  
Маңдайға жазып қойған жазмыш қой.

**ТЫҢДА ЖЫРЫН,  
ҚАРҚАРАЛЫ ҚЫЗЫНЫң!**

Жалғап жүрген жақсылардың үзігін,  
Кешегі өткен жайсандаңдардың ізімін.  
Қарқабаттай анамызды пір тұтқан,  
Тыңда жырын, Қарқаралы қызының.

Тіл қатса егер үрпағына ғасыр үн,  
Алшысынан түсер әркез асығым.  
Қарқаралы – қасиетті топырақ,  
Шықкан одан би мен батыр, ақының.

Қаздауысты Қазыбек бабам саңқылдап,  
Үрпағына сөз қалдырған бар кымбат.  
Би бабамыз елін қорғап, жауынан,  
Қарсы шықкан алмастайын жарқылдап.

Тәттімбеттің шертпе күйі күмбірлеп,  
Ойнағанда далам кеткен дүбірлеп.  
Оқығанда өр Қасымның жырларын,  
Соққан тамыр бойымдағы бұлкілдеп.

Танырқасын ұланыңа жаһан бір,  
Ғасыр бойы артып келген бағаң кіл.  
Ұрандатып атой салған жауына,  
Қарашорда Сенкібайдай баһадүр.

«Қарқаралы», «Үшқарасын» ән қылған,  
«Қарқаралы», «Үшқарасын» ән қылған.  
«Қарқаралы», «Үшқарасын» ән қылған,  
«Қарқаралы», «Үшқарасын» ән қылған.

Тұған жерім – құт дарығын ән мекен,  
Өнерімен өрнек салған Қаллекең.  
Сиқырлы үні тыңдаушысын тербеген,  
Жүсекендей әнші, сірә, бар ма екен?!

Өтті-ау небір дұлдұлдерің, ой, жалған,  
Алты Алаштың болашағын ойлаған.  
Нығмет аға Нұрмаковтай арысын,  
Қалың қазақ әлі ұмыта қоймаған.

## Кеудеме көкала үйрек келіп қонса...

Елі үшін түсті ұлың отқа мын,  
Нұркен, Мартбек жасыныңды жоқтадын.  
Тұңғыш рет қазағымнан гарышқа,  
Жолды салды батыр балаң Тоқтарын.

Күмбірлетіп домбырасын тартқанда,  
Қол соққан жүрт әнші қызы Мақпалға.  
Топырактан небір асыл шығуда,  
Шын маржан тас су түбінде жатқан ба?!

Ұлылармен кірер елдің бар құты,  
Ұл мен қызы – туған жердің бақыты.  
Бұл жалғаннан еш армансыз өтер ем,  
Болып жатсам жақсылардың сарқыты.

## ҚҰТТЫ МЕКЕН

Ел кіндігі – Қарағанды,  
Әлемге атың тарағанды.  
Қара алтынның отанысың,  
Сүйсініп жүрт қараған-ды.

Қарағанды – құтты мекен,  
Кенге толған асыл өлкем.  
Сарыарқаның қақ төрінде,  
Әсем қалам, қандай көркем!  
                    Қарағанды!

Гүл жайнаған далам қандай,  
Қарайсың көп құмар қанбай.  
Шаршап келген меймандарын,  
Қарсы алады атқан таңдай.

Ен байлығың жатыр шалқып,  
Теміртауда болат балқып.  
Кенші қала аспанында,  
Әнұраным тұрсын қалқып!  
                    Қарағанды!

Сарыарқадан тұлеп ұшқан,  
Елбасымды халқым қүшқан.

Ұлы достық мекенісің,  
Түрлі ұлттар басын қосқан.

## МҰЗДАҚТА ЖАНҒАН ЖЕЛТОҚСАН ОТЫ

Түк болмаған секілді рас бүгін,  
Төгейін кеудемдегі жыр асылын.  
Кешегі Алматыда болып өткен,  
Мен де бір желтоқсанның қуәсімін.

Шенеуніктер шешімімен достаспаған,  
Ойымда жоқ ұлтшыл болып от тастаған.  
Төзе алмай әділетсіз істерге кіл,  
Жастар ек намыс ойнап,  
топ бастаған.

Жастар аз бұл шешімге қорланбаған,  
Деп ұмтылды киянатқа қорған болам.  
Жүректе жалын атқан жігерменен,  
Қазақтың ұл-қызына толған алаң.

Білдірді бірден олар қарсылығын,  
Жоғарының бетке айтып «бар қылышын».  
Кеудеге тұнған ашу-ызаменен,  
Сезбеді табандагы қар сықырын.

Шықты әне, мінбеге бір қурстасым,  
Аманғазы есімі оның, өз тұстасым.  
Өлеңменен өз ойын өрнектеп ед,  
Әлдекім шоқпарменен ұрып салсын.

Сөйлемді ол, айтар сөздің парқын біліп,  
Тұр еді сөзін қостап халқым іліп.  
Жазықсыз әлдекімнен таяқ жеді,  
Кеудесі жырға тұнған ақын жігіт.

Ел басына күн тұғанда ер көнген бе,  
Мінбеден сөз бермеді келгендерге.  
Бір ауыз әділетті сөздері үшін,  
Білмеді жұрт түсетінін сергелденгे.

## Кеудеме көкала үйрек келіп қонса...

\* \* \*

Мұндаиды көріп пе еді қала бұрын,  
Тарқамады қалың жұрт қаракүрим.  
Тапжылмастан орнында тұрды халық,  
Қақ жарам деп әділдіктің қара қылын.

Бұл бір сәт енді мәңгі кетпес естен,  
Үмтылды жасақшылар келіп жеткен.  
Халықты жазығы жоқ қоршай берді,  
Кенеттен болды айнала астан-кестең.

Журектері жаралған қара тастан,  
Көздерін көз емес-ау жара басқан.  
Су шашты көлікпенен қалың жұртқа,  
Желтоқсанның ызгарына қарамастан.

Бас сауғалап амалсыз Ана қашқан,  
Құшақтағы баласын ала қашқан.  
Сокқыға жығылып жатты көбі,  
Әп-сәтте ақ қарға қан араласқан.

Жетер енді, бізге берген ғасыр қайғын,  
Қиянатқа қайтсем де енді бас үрмаймын.  
Деген жасты тепкіге жатты алып,  
Жалақтаған жасақшылар қасқырдайын.

Жығылған жұрт аяқ асты қаптап жатты,  
Шаштан алды қаракөз ақтамақты.  
Өз ұлын өз жерінде соққыға алып,  
Намысын қазағымның таптап жатты.

Жастарды тепкідегі кім қорғамақ,  
Барады әне, өн бойынан қан сорғалап.  
Өзекті өртеген бір өкінішпен,  
Жатаққа жеттік әзер жан сауғалап.

Еркіндіктің қалғандай бір күні қараң,  
Жатақтан шығармады бізді қадам.  
Дел-сал боп үйқылы-ояу түн өткіздім,  
Уайымнан сыздап жүрек,

күллі санам.

## Жұлдыз ТОЙБЕК

Күйіндім күйрекендей сағым қатты,  
Қиянаты өзге үлттың жанға батты.  
Жанды жеген мазасыз ой жетегінде,  
Желтоқсанның ағарып таңы да атты.

\* \* \*

Ертеңгілік корпуста да қойды қамап,  
Ұстандар деп көкейдегі ойды қамап.  
Алаң жаққа баруға тыйым салып,  
«Бір-біріңмен тілдеспе» деп қойды талап.

Бұларын барып тұған бұзакылық,—  
Деп ескергі ұстаздың бірі ақырып.  
Жатаққа бір ізбенен алып қайтты,  
Алдында жоғарының құрақ ұрып.

Оқиғаға өтпей жатып бір күн толық,  
Кенеттен шыға келдік «тұтқын» болып.  
Үрейден кейбір жастың құты қашты,  
Оқыстан бұршак ұрған гүлдей солып.

Аланда өткеннен соң қанды қырғын,  
Жастарға тигізбеді кім құрығын.  
Жазықсыз ұл-қыздардан жауап алышы,  
Басталды апыр-топыр,  
қуғын-сүргін.

Келді жастар кезегі есенгірер,  
Сөйлесе көбік сөзбен ел сендірер.  
«Саяси соқырлық» деп бағалады,  
Сөйлеген жиналыста белсенділер.

Қалмаган кей замандас оттан бұғып,  
Суырылып сөйлегендер топтан шығып.  
«Саясатқа қарсы шықкан бүлікшіл» бол,  
Оқудан кете барды босқа шығып.

Ойымды көкейдегі тап басқаны,  
Ұнамапты курсымның топтасқаны.  
«Тобындағы тобырға ие болмадын» деп,  
Мені дағы комсоргтан ап таstadtы.

## **Кеүдеме көкала үйрек келіп қонса...**

\* \* \*

Көрсете де Компартия қырсық қылық,  
Тастағысы келсе дағы тұмсыққа ұрып.  
Еңіреп егеменді ел болдық біз,  
Әділдікке зұлымдықты тұншықтырып.

Аршылып желтоқсанның қаспақтары,  
Аршылып көз бояған шатпақтары.  
Шындық іздеп шырылдан  
жанын берген,  
Қайраттың рухы биік асқақтады.

### **СЕЗІМІМДІ ЖАСЫРҒАМ**

Қара бұлттар торласа да басыма,  
Дегем мынау көніліме жасыма.  
Ақ жаңбырдай жауып өтіп басылған,  
Журегімді селт еткіздің расында.

Шын ұнатып қалғанымды жасырғам,  
Тулап-тулап толқындағын басылғам.  
Сезімімді тұншықтырып жүргенде,  
Айырылып қалмаймын ба, асылдан?!

### **ТИРІ ЖЕТИМ МОНОЛОГЫ**

Анам бар, тірі жетіммін,  
Білмеймін оның есімін.  
Шешеме не жазыптын,  
Ашқанда дүние есігін.

Анам бар, тірі жетіммін,  
Тербеткен жоқ бесігін.  
Тастан неге кетті екен,  
Деп сұрасам несі мін?!

Ашылған жоқ қабағым,  
Екілік болды сабағым.  
Аспаздың берген әзірлең,  
Жей алмадым тамағын.

## Жұлдыз ТОЙБЕК

Шашымды ііскең, тарайтын,

Өтүде Сісіз талай күн.

Анасы бар балаларға,

Қызығып ұзақ қараймын.

Ұйықтайды қалай анашым,

Іздемей бауыр баласын.

Іштей ойлап мұжілем;

Не улады санасын.

Ойнақтап от бастың да,

Бейнетімнен қаштың ба?!

Күнде жылап ұйықтаймын,

Көк көрпенің астында.

Қабағына жат жанның,

Қарап мұнға батқанмын.

Көрмеген соң еш мейірім,

Қара тастай қатқанмын.

Көзімнің жасын бұлаймын,

Қаласа бұлақ құраймын.

Жаратқанға сыйынып,

Оралуын сұраймын.

Болсын қысың, күз мейлің,

Үмітімді ұзбеймін.

Құлыным деп қол созған,

Жан анамды іздеймін.

Ана деген Ұлылық,

Ана деген жылылық,

Еш арманым болмас ед,

Қойса анамның

Құлығып!

## ҚАРҚАБАТ АНА

Тарихтың парагын  
Артқа қарай сырғытқам,  
Үргендер кім  
Деп анамды құл-құттан,  
Бір-ақ перзент әкелсе де дүниеге,  
Анамызға атышты алдан  
Нұрлы таң.

Сөккен кімдер  
Арыстанбабтың тұқымын,  
Қараши мынау айтылған сөздің сұрқынын.  
Бір перзенттен  
Мың перзентті таратып,  
көрсетті Ана тектілердің жұғынын.

Қасиетті Ана  
жан екен-ау аруақты,  
Көргендей-ақ келешекті жан-жақты.  
Қаракесектің ұранына айналып,  
Қалың елге тарады аты ардақты.

Жау шапса егер тұра ма екен ұл тағы,  
Қарқабаттаң,  
Жауға шапқан үрпағы.  
Жалғыз ұлдан бір тайпа ел өргізген,  
Анамыздың алтын екен  
Күрсағы!

Анамыз тірі,  
Тарихта мәңгі өлген жоқ,  
Үрпактары намысты қолдан берген жоқ.  
Ананың атын шығарған ел ұранға,  
Қаракесектей өзге елді көргем жоқ!

Қаракесектің киесі болған – Қарқабат!  
Қалың жұрттың иесі болған – Қарқабат!  
Алты Алашты ауызына қаратқан,  
Текті үрпағың кетті тарап шартарап.

# Жұлдыз ТОЙБЕК

Ұл-қыздарың тегіне тартқан қандай өр,  
Аруақ қолдап алдынан шыққан талай төр.  
Жалғастырған жайсандардың дәстүрін,  
Карқабат ана,

Үрпағыңды қолдай ғөр!

## МӘДИ БАБА

Асылдан қалған қызыңың,  
Қырандай көктен шүйілген.  
Халқыңа мынау сиыпсың,  
Жауыңа бұлттай түйілген.  
Жүрекке жырды жиыпсың,  
Тыңдаған жұртың иілген.

Ел қамын жеген ер едін,  
Жақыннан көрдің талқы көп.  
Тұрмеге жапты көнбедін,  
Соқса да алдан салқын деп.  
Бай-манапқа ермедін,  
Қасарыстың халқым деп.

Жасындай жырың ғаламат,  
Үрпағың оқыр сұқтана.  
Жетілті әнің ғажап-ак,  
Едірейден үшқан құсқа да.  
Үрпакқа қалды аманат,  
«Қарқаралы», «Үшқара».

Тұлпардан туған тұқым ең,  
Үшқара – алтын бесігін.  
Қадірін сөздің ұғып ең,  
Көтеріп жырдың желкенін.  
Біледі енді мұқым ел,  
Мәдидің кім екенін!

Кеудеме көкала үйрек келіп қонса...

## БАРМАҚТАЙ БАҚ

Бармақтай бақ, қондың,  
бәлкім, әлсізге.

Бұғінгі күн  
нұрлы өмір, ән Сізде.

Бармақтай бақ,  
қондың, бәлкім, топасқа,  
Ақылдыны  
тыға салар қапасқа.

Бармақтай бақ,  
қондың, бәлкім, байға да,  
Су татырмас  
ұшса да сонау Айға да.

Бармақтай бақ,  
Сені іздедім жаныға,  
Қона салар  
тұлпарға емес, жабыға.  
Таудай талаң  
бергенінді қайтейін,  
Бармақтай бақ,  
қоймайсың-ау, табыла...

## БАБА ЕСКЕРТКІШІНІҢ АЛДЫНДА

(Қаз дауысты Қазыбек би бабама)

Туган жерім Егіндібұлақ ауданына Қазыбек би бабамыздың  
атын бергенде бөркімізді аспанга атып қуаңып едік. Өкінішке орай баба  
атындағы аудан жасылып, Қарқаралы ауданының құрамына енді. Ел  
жылы орнын суытып, жсан-жасаққа үдерес көше бастады. Егіндібұлақ-  
тың басында баба ескерткіші қалып барады...

Бабамың атында аудан жабылғанда,  
Ұрпағы дәрменсіз бол сабылғанда.  
Қарапайым қара халық тәуба қылды,  
Баба мұсіні қасынан табылғанға.

Би еді қара қылды қақ жаратын,  
Ақылы жанып тұрган шам болатын.  
Дуалы аузынан шықкан әр сөзінен,  
Дүшпаның мысы қайтып, шаң қабатын,

## Жұлдыз ТОЙБЕК

Төбесіне көтеретін би мен бекті,  
Үрпак қайда тұлпардан туған текті.  
Жапанға жел етіне мені тастап,  
Үл-қызым тоз-тоз болып қайда кетті?

Дегендей жұртта қалды баба мұсін,  
Күйдіріп бала менен ана ішін  
Тарыдай боп шашылып кетті аудан,  
Бағындырып жатқан кезде ғалам күшін.

Шығарған небір дұлдул арыстарды,  
Азаматы ауылдың намыстанды.  
Кеткенде кіл құрактай жастар көшіп,  
Сыбыдырап тал бойында қамыс қалды.

Қасқып тұрды мұсін би бабамыз,  
Тәттімбетті туғызған күй даламыз.  
– Киелі топырақтан кеппеймін деп,  
Орнынан қозғалмады кейуанамыз.

Баба елі – баурайы құт, қандай едің,  
Тамсанып тақылдаушы ед таңдайы елдің.  
Тұскенде сан дүбірдің додасына,  
Жарқырап шығушы еді маңдайы ердің.

Шығатын тартып қалса май түгінен,  
Пісілген қымызды жұрт жай сімірген.  
Сол елін жоқтайдың ерлер қайда,  
Заман ба, арғымақ жоқ, тай жүгірген.

Басында Балқантаудың тұнған арша,  
Сұлулығы сырт көзге ұнар барша.  
Мұнарланып, бұлт басып баба елі,  
Өгейдің күйін кешіп тұрар қанша?!

«Куырар қашанғы жұрт апшысын-ай,  
Күн туар жақсылықтың жаршысындай»,  
Дегендей сабыр сақтап, тұрсыз бабам,  
Ту тігіп, туған жердің сақшысындай.

Эркімнің туған жері өзіне төр,  
Аңсайды құстар-дағы, қоғалы көл.

## **Кеудеме көкала үйрек келіп қонса...**

Адасып, ағат кеткен ұл-қыздарың,  
Қайта оралса қателігін кешіре гөр!

Ұрпағым соңынан ерген көктесінші,  
Аузымен құс тістеген көпке сыншы.  
Қасиетті бабамызды өкпелетіп,  
Жүргенде киесі ұрып кетпесінші!

## **ЖАСЫЛ КӨЙЛЕГІМ**

Жасыл көйлегім  
Үстімде тұрсын жайқалып,  
Бақытты сезім  
Жанаңда құлсін байқалып.  
Жазатайым  
Жүректе дүмпу болса егер,  
Тып-тыныш жатқан  
Таулар да кетер шайқалып!

Жасыл әлемде  
Жадырап жақсы жүремін,  
Жұпар істі  
Жұтады жиі гүл ерін.  
Көкорайыма  
Сары балшықтай шашырап,  
Салмашы тағдыр  
Сәтсіздеу өмір түренін!

## **ЖАЛҒАНШЫ**

Армандаумен тынымсыз,  
Қызы ғұмыр өтті қылықты.  
Күндер жылжып мәлімсіз,  
Самайға қырау тұрыпты.

Тұыстың жүріп қамымен,  
Өтіпті алтын күндерім.  
Тербетіп сәби тағы мен,  
Күйбің тірлікпен өзгердім.

Құр мақтанға мәз болып,  
Уайымсыз өмір сүріппін.

# Жұлдыз ТОЙБЕК

Көңілге көктем,  
жаз қонып,  
Марқайып соған жүріппін.

Өкінішім ұлғайып,  
Жанымды жаулап алады.  
Деймін кейде мұнайып,  
Өмір өтіп барады.

Халқым сенім артқан-ау,  
Сонында қалсын сөзіміз.  
Өтіп бара жатқан-ау,  
Өмір емес – өзіміз.

## КӨНЕСІҢ МАНДАЙЫҢА ЖАЗҒАНЫНА (Толғай)

Жаным-ау, қазбалама, қазбалама,  
Өмірде қайшылықтар аз ба мына.  
Тірлікке пенде болып келгеннен соң,  
Көнесің мандайыңа жазғанына.

Біреуі байлығына мастанады,  
Бармын деп көнілі тоқ шаттанады.  
Біреуі жоқшылықтан жапа шегіп,  
Жан сырын кеудедегі актарады.

Біреудің ақыл-көркі елден асып,  
Көрген жоқ жүрт алдында, сірә, жасып.  
Тағдырдың басқа салған бейнетінен,  
Барады енді бір жан ақсап басып.

Бір ана батқан қызық тамашаға,  
Қасында ойнап күлгөн бала-шаға.  
Тірлікте бір перзентке зар болғанға,  
Өмірде кім түседі арашага.

Сүйгендер бірін-бірі Күн, Айым дер,  
Біреулер бақытты ғой жұбайымен.  
Біреулер бақыт таптай жолдасынан,  
Тағдырын баласының уайымдар.

## Кеудеме көкала үйрек келіп қонса...

Біреудің күні өткен жылауменен,  
Тәңірден бір жақсылық сұрауменен  
Біреудің бак дәүлеті елден асып,  
Жүр әне, мына жүртқа ұнауменен.

Кей жанның адамдығын жолда сына,  
Қысылса көмек бермес жолдасына  
Ақ көңіл аңқылдаған кейбір жандар,  
Жүреді әр кезде де тәубасында.

Жасаған адап ісің бәрі бекер,  
Біреулер құлық жасап, сатып кетер.  
Біреуге бағалы бол алтын басын,  
Алдында құрақ ұшып, сыйлап өтер.

Жаным-ау, қазбалама, қазбалама,  
Өмірде қайшылықтар аз ба мына  
Тірлікке пендे болып келгеннен сон,  
Көнесің маңдайыңа жазғанына...

## САРЫАРҚА

Көгілдір гүл көктемнің таң шуағы,  
Ақынның жыр қеудесін қамшылады.  
Осынау нұрлы, әсем әлемге елтіп,  
Сырларым жырым болып тамшылады.

Кең дала.  
Тұнық аспан.  
Көркем жерім,  
Сарыарқа асыр салған өлкем менің.  
Төсінен құтты ортаниң түлеп ұшып,  
Көтердім ақ желкенің жыр кеменің.

Қашаннан асқақ жыр еді аңсағаным,  
Ерке өстім  
құшып бақыт таң самалын.  
Кеудеден жыр бұлағы ағылғанда,  
Кетеді ұмытылып шаршағаным.

Тәттімбеттің шертпе күйі күмбірлеген,  
Күләштің сұлу даусы дірілдеген.

## Жұлдыз ТОЙБЕК

Қасиетінен Сарыарқамның айналайын,  
Шырқалған күн сайын төрінде өлең.

Кең далама келді тағы нұр көктемім,  
Гүлдердей мен де бүгін бір көктедім.  
Шаттанып, шабыттанып кеткен кезде,  
Шым-шымдаш шыға берер жүректегі үн.

### ЖАЗБАСАМ ДА ТАТЫМДЫ ӨЛЕҢ

Жазбасам да әлі бір татымды өлең,  
Атты арқалап келемін ақын деген.  
О, ғаламат, қалайша байқамадым,  
Үміттеніп келіппі-ау халқым менен.

Жазбасам да әлі бір татымды өлең,  
Атты арқалап келіппін ақын деген.  
Халқым ту қып жоғары көтергенмен,  
Ал мен болсам түсінбей артына ергем.

Жазбасам да әлі бір татымды өлең,  
Атты арқалап келіппін ақын деген.  
Айтыска да түсіппін, міне, ғажап,  
Ақын деген ардақты атымменен.

Жазбасам да әлі бір татымды өлең,  
Атты арқалап келіппін ақын деген.  
Баға жетпес уақытты текке өткізіп,  
Алыппын-ау ойласам ақылменен.

Жазбасам да әлі бір татымды өлең,  
Атты арқалап келіппін ақын деген.  
Айналайын,  
халқыма борыштымын,  
Ақын деген аяулы атын берген.

Кеудеме көкала үйрек келіп қонса...

## СЫР

Қындықтың қарсы тұрып талайына,  
Жақсыларды жинай білдім маңайыма.  
Жаны нәзік қызы баласын сыйлай білген,  
Бір тойым бар,  
дос-жолдас,  
агайынға.

Жүректен сырым менің ақтарылды,  
«Орталыққа» арнадым жас шағымды.  
Тәнір берген дертімнен арыла алмай,  
Жыр жазумен қарсы алдым ақ таңымды.

Газеттің жүремін деп жетегінде,  
Қалыптын поэзияның етегінде.  
Бар өнерді бойыма жинай бермей,  
Қалдырып кетейін жыр ертеңіме.

Ақындықты атақ үшін қумадым,  
Күйкі тірлік  
күн кешем деп тумадым.  
Бұл өмірде еш арманым болмас ед,  
Өлеңімнің жатқа айтса шумағын.

## БІР ШӘУГІМ ШАЙ

Ішесің шай,  
Адамыңмен қалаған,  
Шай ішесің,  
шаршап келсөң даладан.  
Шай ішесің,  
Аяулы жан анадан,  
Бір шәугім шай,  
Дос көнілін жамаған.

Бір шәугім шай,  
Берер саған әпкелер,  
Ыстық шайын,  
Бұрқыратып ап келер.  
Бір шыны шай,  
бермесе егер өткен ел,

Бір шәугім шай,  
Берменді деп өкпелер.

Бұл қазағым,  
шайқұмар өзі ел еді,  
Шай ішіңіз,  
Десен қонақ ереді.  
Дастарқанда,  
Айтылып барлық керегі,  
Бір шәугім шай,  
Бәрін де шешіп береді.

### АҚ БАНТИК

Бұрымдағы ақ бантік көбелектей,  
Көрінетін жайған бір қос қанатын.  
Балғын жүрек лұпілдең кереметтей,  
Көкке төбем жетердей шаттанатын.

Жүгіргем сөмкемді алып мектебіме,  
Секілді әлденеден құр қалатын.  
Майда леп қыр тесінен өпкенінде,  
Ақ бантік баяу ғана ырғалатын.

Бантигім – бейкүнә пәк тазалығым,  
Базары, думаны көп балаң күнім.  
Кеудемді қуанышқа толтыратын,  
Анамнан алған ыстық базарлығым.

Балалық кеше ғана болған ғайып,  
Біздерден алыстаған бұлдыр күндей.  
Ақ бантік – ақ көбелек қанат жайып,  
Қоныпты гүл қыздарға бұлдіршіндей.

### ҚЫС

Қысқа мұлде күш кіріп,  
Қариды аяз шыңылтыр.  
Суық деммен үскірік,  
Айдын беті жып-жылтыр.

## Кеудеме көкала үйрек келіп қонса...

Жалтыраған ақша қар,  
Жарқырап көзді шалады.  
Бейне күміс ақшалар,  
Көктен құлап жауады.

Ұлпа қар басқан еңесін,  
Ағаштар қырда тұр мұлгіп.  
Боран боп, бұрқап ертесін,  
Өтеді өстіп күн жылжып.

## МЕН – ОТ, СЕН – СУ

Өзіңнен тауып сая бақ,  
Атыпты алдан нұрлы таң.  
Ақылмен тұрсаң аялап,  
Жалын боп сені жылжытам.

Мен от болсам, сен су боп,  
Сабырға мені шақырдың.  
Сен басшы болсан, мен ту боп,  
Намысын жырттым жақынның.

Сен мақта болсаң, мен қылыш,  
Бермеймін жатқа өшімді.  
Жасасын деп сен ұлы іс,  
Сүйреймін сенің көшінді.

## ТҰҒАНДАРЫМ

Ағаларым,  
Қарындақса қымбат қой  
бағаларың.  
Өзіңе жаксы көзбен  
қарасын деп,  
Жылы тартып  
женгелерді жағаладым.

Апаларым,  
Өздеріңе еркелеп  
бата аламын.  
Қазан-ошақ қолында  
тұрғаннан соң,

# Жұлдыз ТОЙБЕК

Айлап, жылдап,  
Үйінде жата аламын.

Сіңілілерім,  
құлағымда түр әлі  
ерке үндерін.  
Қысылғанда су сепкен  
қарлығаштай,  
Өздеріңмен өтуде  
бұл күндерім.

Бауырларым,  
Көрші өмірдің  
тек қана тәуір жағын.  
Өмір – күрес, білгенге,  
бір туғаным,  
Тимесін жерге  
ешқашан жауырындарың!

## ӨТКІНШІ СЕЗІМ

Беймезгіл жарды неден гүл сезімім,  
Ойласам оны өзім де түсінбеймін.  
Оңаша кеткен сайын күнде егілдім,  
Сүйгенім сені сол сәт үшін деймін.

Кездестік бір көктемнің кешінде біз,  
Жүргенде қолды созып бір арманға.  
Жібектей жайлап қана есілеміз,  
Жүрекке қояр сірә кінәң бар ма?!

Лап етіп жүзде ойнады қызыл шырай,  
Кеткендей тұла бойым түгел ысып.  
Қадалдың сен де сол сәт жылы ұшырай,  
Жанарлар бара жатты ұғынысып.

Жарғандай қос көкейде бір гүл анық,  
Тілдестік пәк көңілмен алғаш құліп.  
Алдыңда бір қуанып, бір қызыарып,  
Барады бір нәзік жіп жалғастырып.

## Кеудеме көкала үйрек келіп қонса...

Ойларда жүргенімде кіл тұнықты,  
Өзіне құстай ұшып жететінмін.  
Жүргенде еш алаңсыз кім біліпті,  
Сезімнің сынып бейуақ кететінін.

## КӨРГЕНДЕ СЕНИ

Көргенде сені шым етті жүрек бұлқынып,  
Жанарымда кетті арайлы құн құліп.  
Сол бір сәтте айтылмастан арада,  
Кала берді мөлдір таза сыр тұнып.

Кеткенше ұзак  
карадың ұнсіз қадалып,  
Жанарында жасырган сырың бары анық.  
Бір нәзік сезім көкірегімді тербетіп,  
Күлімдей бердім айна алдында таранып.

## ТАҒДЫРДЫҢ ТАРТУЫ

Бір тәнірім тіл қатып ізгі үніме,  
Кездестің менің мынау күз күніме:  
Тағдырдың бар тартуы бір өзің деп,  
Босатып ерік бердім тізгініме.

Тұн көнілді келді де Күн турді де,  
Бір сұнгі еріп түсті кірпігімде.  
Шаттықтың шашбауын шашыма орап,  
Бір күнім ұқсамады бір күніме.

## ШАЙҚАЛЫП КЕТТІ СҮРЕТИҢ

Көкейде көптен өрілген,  
Тарқатып сырдың бір шетін.  
Сезімнің мөлдір көлінен,  
Шайқалып кетті суретің.

Нұрлана тұрып кіл жарқын,  
Шаттанған ем күнде ерте.  
Кетті соғып леп салқын,  
Жылуы мол жүрекке.

## Жұлдыз ТОЙБЕК

Көлеңкө бұлттар тізбегі,  
Жанымды жарқын торлады.  
Жанарадан тамшы күздегі,  
Үзіле берді, болмады.

Ішімді өртеп бар мұным,  
Жылағам жоқ аз бүгін.  
Сені ойлаумен өтуде,  
Жылжып ақсан әр күнім.

Жаралы кетсе жүргегің,  
Кінәлі мен ғой, білемін.  
Таба алмай бірақ қиналадам,  
Жазатұғын бір емін...

### ЖАНЫМ ДЕЙСІҢ ҰЗДІГІП

Алдамапты кекірегімді ізгі үміт,  
Жаңа ғана келе жатыр күн күліп.  
Жүргінің тереңінен сыр қозғап,  
Жаным дейсің, бағым дейсің ұздігіп.

Қалдым содан бір суынып, бір ысып,  
Жазылғандай денем тұрған құрысып.  
Жарқ еткізіп жанарага нұр ойнатып,  
Бара жатсың шуағынмен жылтытып.

Ет-жүргім мениң-дағы езілген,  
Дауысынан бір жақындық сезілген.  
Өзің барда төрт құбылам түгел боп,  
Өзің жоқта тіршіліктен безінгем.

### ӘЙЕЛМІН МЕН НЕСІНЕ?

Жаным менің,  
Неге сонша бұліндің,  
Көніліме ауыр тиді бүгінгің.  
Жүргінің жартысындағы боп кеткен,  
Бөтен көзден қызғанбайды  
Гүлін кім?!

## Кеудеме көкала үйрек келіп қонса...

Оның рас,  
Қарап өтті ол тесіле,  
Соған неге қалдың сонша өшіге?  
Жат көздерді қаратпасам бір уақ,  
Әйел болып жаралдым мен несіне?!

## ЕРКЕЛЕТШІ БІР УАҚ

Ашуынды басшы, жаным,  
Бұйырма,  
Тіл қатшы енді мүмкін болса қыл да.  
Жаны нәзік әйелдердің әу бастан,  
Еркелету әйел жанын қыын ба?

Еркелетші,  
Жүргегімді жаз етіп,  
Көнілімді көктем етіп,  
Мәз етіп.  
Жанарынмен аялай бір карасаң,  
Гүлдей жайнап,  
Кетем сол сәт әндептіп.

Әйел деген тіршіліктің гүлі – бақ,  
Ер азамат – сәүле төккен күншуақ.  
Күннің жылы шуағын кім сүймеген,  
Сондықтан да еркелетші бір уақ.

## ЖАНЫМДЫ МЕНІҢ ҰҒАР КІМ?

Жақын деп мынау жарыма,  
Көкейде жатқан сыр айттым.  
Тыныштық бер деп жаныма,  
Тыңдамай мені мұңайтты.

Ержетіп қалды ұлым деп,  
Онымен келді сырласқым.  
Деді ол ұлым күлімдеп,  
– Емеспін, шеше, құрдасың.

Құрдасқа сыр айттар,  
Келіп ем,  
құрбым көнілсіз.

Бекерге барып құр қайттым,  
Секілді болды өмір – күз.

Сырымды айттым,  
Досым деп,  
Ашып жан сарай есікті.  
Бекер-ақ бопты осым тек,  
Өзгеге ол сыр жетіпти.

Сырласпақ боп әпкеммен,  
Бір шетін сөздің бастап ем.  
– Асығып барам,  
Эттең мен,  
Әйтпесе сенен қашпап ем...

Деген соң қайттым жиналышп,  
Айналама карап жалтақтай.  
Кеттім ғой әбден киналып,  
Жанымды ұғар жан таппай.

## БҮРЫМДЫ АҚЫН

Шақырып шабыт қыр анау,  
Лапылдан от боп жанамын.  
Жұрсем де жағып жыр алау,  
Күзетем жардың қабағын.

Табиғаты қызық ақынның,  
Өлең жазып түнде әһ үрдым.  
Қысады жырдың толғағы,  
Жайыма қалып «жақыным».

Жанымды мынау гүл еткен,  
Жырым туса жүректен.  
Мәз болам жас балаша,  
Күн шыққандай түнектен.

Күтпестен атар таңымды,  
Оятып алам жарымды.  
Ішімнен шыққан бебеулеп,  
Оқимын жырды жалынды.

## Кеүдеме көкала үйрек келіп қонса...

Жарым тындал жырымды,  
Жалынына жылынды.  
Кейде мазаны алма деп,  
Қарадан қараң құбылды.

Басын кейде шайқап-ай,  
Қалжындаиды «Әй, қап-ай!  
Әйел емес  
ақынды,  
Алыппын ғой байкамай...»

Тұрса да шабыт дүбірлеп,  
Оқимын жырды күбірлеп.  
Қызықтап сәби жырымды,  
Атады таң да сібірлеп.

## ЖАЛҒЫЗ ЖЫРЫМ

Байқалар оқтын-оқтын жалғыздығым,  
Тіршіліктің таусықандай бар қызығын.  
Кеудедегі аңы өксікті басатұғын,  
Жүректен жылжып аққан жалғыз жырым.

Жырым бар жанартаудай жарылмаған,  
Сырым бар оттай ыстық жалындаған.  
Түбінде жалғыз жырым болар менің,  
Ашатын маңдайдағы бағымды алдан.

## ШАБЫТ ШАҚЫРУ

Ой кезіп оңашада күйінемін,  
Тағы да ақ қағазға шүйілемін.  
Өмірде ешқашан да өкінбес ем,  
Өлеңмен бірге болса түйір демім.

Жетер енді буылып,  
түйілгенім,  
Қарашы жан сырымның үйілгенін.  
Тұншыққан өлеңімді қозғап, қозғап,  
О, шабыт,  
қас тұлпардың күйіне мін!

## ЖАБЫЛАРҒА ҚОСЫЛМАЙМЫН

Жан әкешім, кір келтірмей атыңа,  
Сіздің жүрген жолыңызды қоштайын.  
Білем өзің келтіргенсің бабына,  
Жүйрігінді жабыларға қоспайын.

Қактырамын таңданбастың таңдайын,  
Дәлелдеймін бұл қызыңың қандайын.  
Әкетайым, берген батаң қабыл бол,  
Тек жарқырап ашық болсын мәндайым.

## ЖАСТАР ВАЛЬСІ

Біз жастар жалындаған жігеріміз,  
Елімнің болашағы тірегіміз.  
Барлық ұлт бір адамның баласындей,  
Әрқашан бірге соққан жүрегіміз.

Шырқа жастар – арайлы туды құнің,  
Алға бастар – таңы атты бірлігінің.  
Күні батты құлдығыңың,  
Болашақ нұрлы бүгін.

Біз жастар мұрагері желтоқсанның,  
Исатай, Махамбеттің алдаспаны.  
Қорғаймыз елімізді егеменді,  
Бабалар жолы әркез жалғасады.

Жастармыз жақсылыққа жаны құмар,  
Жастықпен думандатып сауық құрған.  
Жетеміз биіктеге қол ұстасып,  
Шамымыз келешектің жанып тұрған.

## СЕНІ АҢСАЙМЫН

Көргенше мен өзінді асығамын.  
Бір ысып,  
бір суынып басыламын.  
Жүресің жадымнан бір сәт шықпай,  
Өзің болдың кеудедегі асыл әнім.

## Кеудеме көкала үйрек келіп қонса...

Жұрген жоқпын, бәлкім, мен саған ұнай,  
Деп ойлаумен өткіздім таңды ұдай.  
Ал, өзің маған келіп тіл қатқанда,  
Тосыннан ұстап қалар пандығым-ай.

«Қалайша бар сезімді жасырамын,  
Кездескенде мойның асыламын».  
Деп өзімді қаншама қайрасам да,  
Сабама түсіп қайта басыламын.

Сосын мен кездесемін өзіңменен,  
Аймалайсың аялы көзіңменен.  
Саусағың саусағыма тиген кезде,  
Күндерім ұмыт қалар көз ілмеген.

## МАХАББАТТЫҢ МАУСЫМЫ

Ашып саған көкейдегі бар сырды,  
Жүрегімнің емін сенен таба алдым.  
Өзің болып махаббаттың маусымы,  
Тұнық сырлы сезіміңен нәр алдым.

Айлы түннің өзің болып мың сыры,  
Гүлдей жайнап тотыдайын тараңдым.  
Бірге соғып жүректердің дүрсілі,  
Жорғалайды сен дегенде қаламым.

## СӘЙГҮЛІК ПЕ ДЕГЕНИМ...

Қыран ба деп қалып ем, қияға ұшқан,  
Құзғын болып шықтың-ау,  
Жемтік құшқан.  
Сұлу сөзді сапырып  
көпіртесін,  
Тіл сүйексіз болғанмен  
Жағынды ұстан.

Сәйгүлік пе дегеним,  
Мәстек екен,  
Мәстек мініп,  
көмбеге қашан жетем.

## Жұлдыз ТОЙБЕК

Ер-тұрманы күмістен,  
әбзелі асыл,  
Болған соң  
Келменті ой басқа бөтен.

Санаң жүргем иілмейтін  
Еменге мен,  
Айырмаң жоқ құрт түскен  
Бөренеден.  
Пана түгіл,  
отынға жарамайсың,  
Кімге керек,  
Жүрексіз кәуек денен...

### БАРАСЫҢ ШУАҒЫНА...

Жинаған тұла бойға бар асылды,  
Кеудеге теріп келген дара сырды.  
Жанымды нұр сәулеге толтыратын,  
Тек өзіңсің көзімнің қарашығы.

Жанарың жарқылдаған тұнық дәйім,  
Қалайша тереңінен сыр ұқпайын.  
Ойланып өзің жайлы онашада,  
Шашылған ойларымды құрықтаймын.

Барасың шуағыңа жуындырып,  
Жастықтың алаулаған туын құрып.  
Тәнірім тарту еткен бізге бүгін,  
Алмайық ақ сезімді суындырып.

### ҚҰЫРШАҚ ҚҰРБЫҒА

Байқаймын сиқың мынау,  
Еті өлген ғой,  
Көкейімде жоқ қой саған бөтен де ой.  
Қатарынды құрбым-ау, таппадың ба,  
Мынау кісі  
Үйіндегі көкендей ғой.

## Кеудеме көкала үйрек келіп қонса...

Қаратпаған самайдағы ақ шашына,  
Қаратпаған ұл-қызы бар бақшасына.  
Өзінді көсіз етіп,  
Фашық қылған,  
Көкенңің қалтадағы  
Ақшасы ма?!

Сыйлағанға мәз болып,  
Асыл-жакұт,  
Өтуде ме білінбестен алтын уақыт.  
Ақшамен арбап сені жар қылмайтын,  
Керегі не жас басыңа  
Жарты бақыт.

Кім сүймес,  
Кім қызықпас уыз шақта-ай,  
Жүре берем дейсің бе,  
Бұл құшакта-ай.  
Уақыт етіп, базарың тарқағанда,  
Қалып жүрме жүрттада қалған  
Қуыршақтай.

## ЖАРЫМА

Гүл сезімнің таң шуағы,  
Кезімнің шамшырағы.  
Жүзіндегі нәзік сәуле,  
Жырым болып тамшылады.

Жабырқап жүрсем бір уақ,  
Жанымнан табыласың.  
Шалғайға кетсем ұзак,  
Іздейсің,  
Сағынасың.

Аялы тұнық көзің,  
Жылылық нұр таратқан.  
Ойлы да сырлы сөзің,  
Жүректен орын тапқан.

Жан жарым, тірегімсің,  
Жұдырықтай жүрегімсің.

Өзінді өзгелерден,  
Жақын көрем,  
білемісін?

## ҚАҢТАРДА ГҮЛ СЫЙЛАДЫ...

Қаңтарда гүл сыйлады қазақ жігіт,  
Көнілім алай-дүлей, қалды жылып.  
Қолыма ұсынды ол қызыл гүлді,  
Жанымды жадыратып, жаздай қылып.

Жүрген ем, жабырқаулы, көптен күлмей,  
Жарқырап шыға келдім мен де Күндей.  
Жүзіме қызыл шырай қан жүгірді,  
Қаңтарда үсімеген раушан гүлдей!

## ҚАРАСАМ КЕЙБІР ЭЙЕЛДІ

Қарасам кейбір әйелді,  
Түсінбеймін, эй енді.  
Құрбыға барса ауқатты,  
Ауырып қап іздер әр емді.

Құрбыда барды көре алмай,  
«Қаламын деп мен қалай?»,  
Қайтсем де қуып жетем» деп,  
Ұйқысыз өтер күн талай.

Жүремін деп жарқырап,  
Жастыққа тимей жар құлақ.  
Бар тенгесін сарп етіп,  
Гаунарды алды жарқырак.

Қыс келіп, мұз жалтырап,  
Қарға оранды атырап.  
Құндыз тон алды қымбатқа,  
Тонбаймын деп қалтырап.

Назданса әйел көрікті,  
Аспайды сірә, бөрікті.  
Қиғылышқ салды күйеуге,  
Алып бер деп көлікті.

Кеудеме көкала үйрек келіп қонса...

Әдетін әсте тымады,  
Дос болмайды жиганы.  
Қанағат қарын тойғызар,  
Жүректе болса иманы.

## ҚҰРМАЛДЫҚ

Дей алмайсың есерсоқ та,  
кем есі,  
Батырлық бар,  
бар намыстың елесі.  
Өзін өзі атады,  
Оқшантайда қалмағанда жебесі.

Намыс тірі,  
біткен айла-шарасы,  
Қалып барад артта бала-шағасы.  
Өзін өзі жарады,  
Қалмағанда қылар қайран,  
шамасы.

Тартылмайды тіршіліктің бұлағы,  
Құлап барып ескерткіш бол тұрады.  
Гүлдегендे сакура,  
Барша әйел мінажатын қылады.

Бәрі қайғы!  
Емес бірақ бас қайғы!  
Ең нашары тау қопарып тастайды.  
Жапон жүртү әйелі,  
Осылайша Құрмалдыққа бастайды.

Қалған емес әйеліне жабысып,  
Еркектердің осынау бір шағы ыстық!  
Бақытты әйел жоқ шығар,  
Жатса ері намыс үшін шабысып.

Әйелдерін сыйлайды олар піріндей?!  
Өрт шыққанда зенгір үйлер бірінде...  
Жапондардың әйелі,  
Төмен қарай атады өзін тірідей.

# Жұлдыз ТОЙБЕК

Арды ойлаған мұндай әйел кемелде,  
Күлайды ол басын салып төменге.  
Көйлегінің етегін,  
Желге аштырмай!  
Айналады өленге!

## СЕНДЕГІ ҰЯТЫМ

Баурап ап құса мұң,  
Сені іздеп ұшамын  
Қалған тек елесін,  
Ізінді құшамын.

Күн бұлтты, жауасы,  
Корғасын ауасы.  
Жанымның қалаған,  
Өзіңсін дауасы.

Барлығы сиятын,  
Сен менің мияттым.  
Шашылып қалмасын,  
Сендеңі ұятым.

## АМАЗОНКАЛАР

Өрілмеген бұрымы,  
Тісеймеген тарағы.  
Еркегі жоқ ауылдар,  
Айқайшы бол барады.

Үміт артып кешінде,  
Өзін-өзі алдаған.  
Бас ұстайды әйелдер,  
Ерекк емге қалмаған.

Тізелесі қала асқан,  
Жұмыс іздеп,  
шабылып.  
Еркегі жоқ ауылдың,  
Мектебі жатыр жабылып.

## Кеүдеме көкала үйрек келіп қонса...

Жыны,  
шайтан қоралас,  
Тұрткіләйді мекер топ.  
Ұйықтайды әйел боп,  
Оянады ерек боп!

Шайтан сезім жадылап,  
Өзін-өзі қайырған!  
Ауыл шеті шаң шықса,  
Жармасады айырға.

Бір бірінен әйелдер,  
Қайыр сұрап жүр әні!..  
Басқа еркекті кіргізбей,  
Айыр ұстап тұр әні!..

## БАЛА ТУЫП БЕР ДЕУГЕ

Ошақтың бәрін билеген,  
Жаулықтысы – жақыны,  
Бала туып бер деуге,  
Жетпейді ердің батылы.

Қаласа әйел шарана,  
Қалады іште томпиып.  
Күйеуі жүр шарасыз,  
Сыргқа жүні қомпиып.

Жүні жығылып арысы,  
Қос қызына тәүбе дер.  
Жанын жейді жегі құрт,  
Қалмады артта мұрагер.

Нәрестені бір Хақтан,  
Сұрайтын еді бұрынғы.  
Алла емес, сәбиді,  
Беретін болды бұрымды.

## ОРАЛУ

Келеді шашып-төгіп,  
Тапқанын баласына.  
Ұрланып көз салады,  
Қалт еткен арасында.

Аймалап сырт түрады,  
Балалар таласында.  
Өзімді көремін мен,  
Айнакөл қараышында,

Жарым көңіл аспандайды,  
Түсіп қалған аласаға.  
Осыншама ыстық па едің,  
Отбасы,  
бала-шаға?!

## НАУРЫЗЫМ – ЖЫЛДЫҢ БАСЫ

Диірменін тіршіліктің айналдырып,  
Жер бетін қар суынан айна қылып.  
Жеттің бе, желегіңмен гүл – Наурызым,  
Бұлақ боп сылаң қағып, сайдан құліп.

Тенесіп табиғаттың күн мен түні,  
Құтты болсын, Ұлыстың ұлы күні.  
Сезімін селт еткізіп жігіттердің,  
Құлаққа жеткендей ме қыздың үні.

Наурызым – құт әкелсін,  
жылдың басы,  
Халқымның домаласын өрге тасы  
Аман боп Отаным мен оттың басы,  
Куанышқа бөлениң кәрі-жасы.

Самарқаның көктасы жібіген күн,  
Ақпанның ақ көрпесі түрілген күн.  
Көктегі Күн арудай құлімдеген,  
Қыздарым бейне ашылған бүрінен гүл.

## Кеудеме көкала үйрек келіп қонса...

Қыспаққа алса дағы талай заман,  
Қазағым күткен әр кез барын алдан.  
Емендей иілмейтін еліміз бар,  
Болсын тек тілі менен діні аман!

## ЖАЙНА, АСТАНА

Қазағым, көтеріліп аспандашы,  
Артта қалып өткен ғасыр ак-қарасы.  
Ұлтымыздың бақытты ұясы боп,  
Жайнасын еліміздің Астанасы.

Аумалы-төкпелі өмір жалғанынан,  
Қазактың бергені көп,  
алғанынан.  
Егілгенде ес берді Еркіндігім,  
Тәнірім,  
қайырын бер қалғанынан.

Жер жаһанға белгілі енді елсің,  
Әлем саған сүйсініп елжіресін.  
Әнұраным биіктегі қалқып әр кез,  
Көгімде көк байрағым желбіресін!

## ҚАРАТАУЫМ

Қаратаяым – туған мениң ауылым,  
Бір өзіңнен жазылып ед бауырым.  
Сай-саланы сарқыратып өтетін,  
Ерекше ғой көктен жауған жауының.

Бармақтайын сайды өскен жидегің,  
Өзен-көлде жұзген акку-үйрегің.  
Даладайын дарқандық пен кеңдікті,  
О, туган жер, мен өзіңнен үйрендім.

Қаратаяым – тым ғажайып жер тегі,  
Таза ауасы жан сарайын ерітеді.  
Жайқалғанда жағадағы құрактар,  
Жыр жазуға жас жанымды елітеді.

## ЖҰЛДЫЗ ТОЙБЕК

Тұған жерім, өскен ұям, шаңырак,  
Мен өзінен қол үзілпін азырак.  
Тұған елге туын тігіп,  
кей күрбым,  
Төрт тұлікті отыр эне бағып-ақ.

Өскен ұям, биік болсын жүлдизың,  
Торламасын қара бұлттар күн жүзін.  
Тұған елдің бір жаршысы болам деп,  
Қой емес-ау,  
ой бағыпты бұл қызың.

### АҚЫНДАРДЫ АҢСАУ

Күйбіні әсте біте ме  
бұл жалғанның,  
Жолым түсіп Балқантауға барғанмын.  
Карсы алдыннан Кәрім, Тұрсын шықпады,  
Жетімсіреп,  
Құлазып мен қалғанмын.

Іздеп ақын Кәрімі мен Тұрсынды,  
Балқантауым үнсіз маған күрсінді.  
Ақындарын сағыныпты туған жер,  
Қак жаратын мынау түнек тылсымды.

Жүретүғын өлеңіне табынып,  
Кеттім ақын ағаларды сағынып,  
Шықпаған соң ақындардың дауысы,  
Құлдей болып қалды тауым шағылып.

Күйбенінен қу тірліктің шаршадым,  
Ақындардың өткір жырын аңсадым.  
Ақын деген ардақты ұғым ағайын,  
Сүйіктісі болып қетер баршанын.

Кеудеме көкала үйрек келіп қонса...

## АДАМНЫҢ БİR ҚЫЗЫҒЫ БАЛА ДЕГЕН

Салтанат Абділханов

### ҰЛЫМ АРҒЫНМЕН СЫРЛАСУ

Жұдырықтай өзінді,  
Жаратушым сыйлаған.  
Сен келгендे өмірге,  
Кең дүниеге сыймагам.

Ана деген бақытты,  
Сол бір сәтте сезінгем.  
Самайыңдан мың іскеп,  
Рахаттанып көз ілгем.

Уілдеген үндерін,  
Тым шаттыққа бөлеген.  
Жүргімнен шымырлап,  
Шыққан еді көп өлең.

Сен дегенде ііген,  
Алпыс екі тамырим.  
Мандайыннан шерткізбей,  
Ержеткіздім жан ұлым.

Жанаардан бүгін қуанып,  
Үзіліп түсті тамшы жас.  
Құлыным едің, есейіп,  
Тұлпарым болдың қамшы бас!

Қарсы тұрып дауылға,  
Кездерім аз көп күлген.  
Ризамын Аллама,  
Осы күнге жеткізген.

Кешегі өткен әкеңнің,  
Соңында қалған көзісің.  
Әлпештеген анаңың,  
Жырға қосқан сөзісің.

Аңы мен тұшы аралас,  
Көргенмін өмір талқысын.

Тектіден туған тұлпарсың,  
Қолыңа қонды бақ құсың.

Қадірін біл, жан балам,  
Басыңа қонған бақыттың.  
Аялай білсең жарыңды,  
Күтеді әркез жақұт күн.

**ЖҰЛДЫЗ ЕДІМ, АЙЫМ ҚОНДЫ ҚАСЫМА**  
(*Келінім Айжанға*)

Жұлдыз едім, Айым қонды қасыма,  
Осы күнді күткен едім асыға.  
Таудай талап барын балам білемін,  
Бармақтай бақ қонсын енді басыңа.

Нұрға толсын балғын, нәзік жамалың,  
Тек бақыттан күлімдесін жанарың.  
Үй болудың көп қой сірә, әуресі,  
Мықты болсын құрган отау – қамалың.

Нәзіктіңің сөзі – шекер, тілі – бал,  
Мойын болшы байыппенен бұрылар.  
Азаматты ақылыңмен ұстасаң,  
Сонда Басың дұрыс жүреп ұғып ал.

Елжіреген Ана көніл тұнық тым,  
Ене болдым ортасында қырықтың.  
Әuletімнің шуақ шашқан сәулесі,  
Өзің болшы, айналайын, қылыштым.

Көп қой әлі күтіп тұрған алдан сын,  
Үзілмесін қазаныңнан дәмді асың.  
Әзірлеген сенің алтын қолыңнан,  
Келген қонақ жүректерін жалғасын.

Қызығы көп білген жанға фәнидің,  
Бұрымдылар – берекесі әр үйдің.  
Үлкендердің ақ батасы қабыл боп,  
Хош иісіне бөлене гөр сәбидің.

Айналанды жарқыратып Күн етші,  
Ошағыңды ақылыңмен гүл етші.

**Кеудеме көкала үйрек келіп қонса...**

Маздап жанып өзің жаққан шырағын,  
Болшы, балам әuletіме тілекші.

## **БАЙЛЫГЫМ**

Неткен ғажап, жатыр ұлым үйленіп,  
Келін түсті босағама именіп.

Қуаныштан жүрек соқты лұпілдеп,  
Кетті бойым өзгеше бір күйге еніп.

Ұлым менің, құтты болсын аққұсын,  
Маңдайына келіп қонған баққұсын.  
Жазылмасын қол ұстасқан жұптарын,  
Тек тірліктің татындаршы тәттісін!

Ұлым менің, аппақ таңым арайлым,  
Нұр жүзіне шуақ төгіп қараймын.  
Сүйгеніңің сүйіктісі бол балам,  
Өте берсін қуанышпен талай күн!

Ұлым менің – айбыным,  
Қолына қонды Ай, Қунің.  
Бес күн мынау жалғанда,  
Өздеріңсің байлығым!

## **ДУНИЕГЕ ӘЛИХАНЫМ СЕН КЕЛДІҢ**

Шанырақтан шығып даусың інгәлап,  
Қоңыр күндер артта қалды сырғанап.  
Жүректерге күй толтырып бір ғажап,  
Көгімізде құлім қағып Құн қарап,  
Дүниеге Әлиханым сен келдің!

Дәл сол күні «Орталықта» той қызған,  
Қаламдастар басын қосып, ой-қырдан  
Алты Алаштың қамын жеген көсемі,  
Әлиханның атын саған қойғызыған.

Атын қойып бабамыздың бір ұлы,  
Болсын дедік Қазағымның ұлығы  
Отбасының болмай жалғыз тұнығы,  
Болшы, балам, жақсылардың сынығы!

## АСЫЛ АНАМЫЗГА

Кемпірбай ақынның сыйығы,  
Тілге бай, терең ой-үғымы.  
Құрсағынан тектінің туыппыз,  
Жұқса екен біздерге жұғыны.  
Ана бұл құдірет – бір Ұлы,  
Қашанды жоғары тұғыры.  
Ұрпағын бақытқа бөлесін,  
Ұзақ бол әрдайым ғұмыры!  
Алтындаі он бала өсіріп,  
Қатесін келесіз кешіріп.  
Перзенттік парызды қайтармай,  
Жүрміз бе, біз әлде кешігіп?!  
Сүйікті, сүйкімді анашым,  
Ың жақтан болыпсың пана щын.  
Махаббаты Ананың – мәңгілік,  
Барында білейік бағасын!  
Анашың бетінен сүйгенде,  
Ойнайды кеуденде – күй демде  
Ананың қамын көп ойлайық,  
Берілмей, ку тірлік, күйбенге!

## КИМЕШІ ҚАЗАҚ КИІМІН

Қазақтың мынау көбейтпей құса, қүйігін,  
Аласартпай алысып алған биігін.  
Жатпенен шалғай шет ел асып кеткен соң,  
Ұзатылғанда кимеші қазақ киімін!

Отаныңа салмастан көз қызығын,  
Тастап кетсөң туған жер байтақ ұйығын.  
Қазақтың асыл азаматына жар болмасан,  
Ұзатылғанда кимеші қазақ киімін!

Дүние қуып, бөтенге бұрса бүйірін,  
Қор қылма құнды ұлттымның асыл бұйымын.  
Қазақтың енді ұрпағына Ана емессің,  
Ұзатылғанда кимеші қазақ киімін!

Қазақтың енді естімейсің күй үнін,  
Үстамайсың теңгесі мен тиынын.

**Кеудеме көкала үйрек келіп қонса...**

Ата-анаңды қаратып жерге кеткен соң,  
Ұзатылғанда кимеші қазақ киімін!

Айтайын сөздің тобықтай ғана түйінін,  
Көтере алған Алланың берген сыйын кім?!  
Көк туымның астында өмір сұрмесен,  
Ұзатылғанда кимеші қазақ киімін!

Шетке шықкан қыздың бөтен – иесі,  
Басқаларға жүқпасынышы қүйесі!  
Ұлттық киім – қазынасы бабамның,  
Ұрып кетіп жүрмесінші киесі!

## **ТӘҮЕЛСІЗДІК**

Тәуелсіздік!  
Шықсын даусым қаттыр-ақ,  
Жаңғырықсын  
Мынау байтақ атырап.  
Ұлан-ғайыр  
Ұлы дала төсінде,  
Құліп атсын  
Мәңгі ару Күн шашырап!

Көк байрағым  
Азат елдің жаршысы,  
Қыран құсым  
Қанат жайып қалқышы.  
Елтансамда  
Шаңырағым шат болып,  
Әнұраным  
Шарлап көкті шалқышы!

Мәңгілік ел  
Татулықтың тұрағы,  
Сыңғырлаған  
күміс сәби бұлағы.  
Азат әнім  
Аққұсымдай қалықтап,  
Шырқау шында  
Шаттық әуен тұнады.

## АЛТЫН АДАМ

Көк байрағым  
желбіре тағы желбіре,  
Алтын адам –  
Евразия төрінде!  
Алтындалған  
сақ патшасын көргендер,  
Жалт қарады  
Қазакстан жеріне!

Алтын адам –  
батырлықтың айбары,  
Алтын адам –  
елдігімнің айғағы!  
Сауыт киген  
батырларын көргенде,  
Қазағымның  
қаны ойнайды бойдағы!

Алтын адам  
әлемді жүр аралап,  
Тарихқа біз  
көз жүгіртсек, саралап  
Түбі текті,  
өзі батыр, өзі бек,  
Бізге әлем  
таңырқап бір қарамақ!

Жетті елім  
еркіндік пен азатқа,  
Күресумен  
Қол жеткізді ғажапка.

Алтын күннің  
шапағаты шашырап,  
Алтын ғасыр  
тусын біздің Қазаққа!

**Кеудеме көкала үйрек келіп қонса...**

**АСҚАР ТАУ**

(Жан әкеміз Тойбекұлы Райымбекке арнаймыз)

Біздің жаққа  
Көктем келді тағы да,  
Жүрсің бе екен  
Сенде иранбағында.  
Құран оқыр  
Ұрпағың бар иншалла,  
Дамылда әке,  
Аландама дамылда!

Бүгін Аға  
Туған күнің сездің бе!  
Есуін-ай  
Өзің жақтан желдің де.  
Бір аунап түс  
Бір ауыз сөз арнаған,  
Сарқынына  
Тау құлатар селдің де!

Әке жайлы  
Айтылатын жыр бөлек,  
Қысқа ғана  
Жазып өтем термелеп!

Өтірік ұрсатын,  
Өмірде бізді.  
Күлкі тұратын,  
Өңінде ізгі.  
Ала таңнан  
Пешті жағатын,  
Бала табаны  
Баса ма, деп сызды!

Аулак жүретін  
Дүние боктан,  
Бас тартатын  
Ұсынған тактан.  
Үшеу емес,  
Алты қыз есірдің,  
Бұйыртып жүргей  
Орынынды жұмақтан!

Тамырың терең  
Бәйтерек бекемсін,  
Иншалла, үрпағың  
Атыңмен көгерсін.  
Шашымыз ақ селеу,  
Әже болсақ та,  
Алаканың экенің.  
Аңсайды екенсің!

### БЕС БАЛА – БЕС РУЛЫ ЕЛ ЕМЕС ПЕ ЕДІ?!

Бара жатыр жұмыр бас шыр айналып,  
Қалды ғой сөйлей алмай, тіл байланып.  
Тілсіз өрттің құрбаны боп кете барды,  
Сәбілердің күлкісі – күлге айналып.

Құны жоқ күміс пенен алтын алқа,  
Болмады аналарға ешбір қалқа.  
Сонындағы боталарын сүйрелейді,  
Алдағы құндеріне үміт арта.

Көтерсе де қара күшпен кірпіш-тактай,  
Келеді жас Астанаға жұмыс таппай.  
Несиеге байланып жастық ғұмыр,  
Лашықтағы өмірі жанға батты-ай!

Аһ ұрғызып ананы қинағаны-ай,  
Әкенің ақ арманы қираганы-ай.  
Құрсаққа сыйып келген бес құлыншак,  
Осынау кен дүниеге сыймағаны-ай!

Бірі жүр жемсауы толмай – ұры болып,  
Бірі жүр құр атақтың – құлы болып.  
Қарашаның қамын ойлар қалаулылар,  
Сейлемей ме, халықтың ұлы болып!

Қалталылар орден-медаль сатып алып,  
Енді бірі ақыл айтар жатып алып.  
Тіршіліктің ауыр жүгін арқалаған,  
Қазақтың әйелдері батыр – анық!

Бес баланы туған АНА ер емес пе еді,  
Көтеретін мәргебесін ел емес пе еді?!

## **Кеудеме көкала үйрек келіп қонса...**

Көп балаға несібесін төгіп берсе,  
Бес бала – бес рулы ел емес пе еді?!

## **ҚАЗЫБЕК БИ БАБАМ ҲАҚЫНДА**

Асыл менен жасықты алмай түстеп,  
Ауданды жауып еді кеше құштеп.  
Тектіден туғанымыз рас болса,  
Үрпағы үнсіз қалмас, тілін тістеп.

Азamatы шықпаса алға аттандал,  
Қыз да болса, Bi бабам деп атқа конам.  
Әділдіктің ақ туының алдын орап,  
Жағымпаздар мекені – мына қоғам.

Қоңтайшыға бас имеген қайран бабам,  
Қаңырап босап қалды - туған далаң  
Халқыңың мұн-зарына құлақ салмай,  
Қарынбайлар той-тойлап, салған сайран.

Сұнқар ең-бійкте үшып саңқылдаған,  
Алмастай өткір сөзің жарқылдаған  
Үрпағың бара жатыр ұсақталып,  
Қарғадай төмен үшып қарқылдаған.

Ел қамын ойлар деген би мен бектер,  
Қара бастың қамын жеп, жанын күйттер.  
«Өлі арыстаннан тірі тышқан артық» деген,  
Балақтағы басқа шықты өңшең биттер.

Шара бар ма, тұлпар деген жабы болса,  
Күректің басы емес – сабы болса  
Қазыбек би ауданын ашып берер,  
Кеудесінде намысшыл қаны болса!

## **ҚАРАКЕСЕКТІҢ ҚЫЗДАРЫ**

Ерке Ертіске тиіп түр тұнғыш табаным,  
Елінен келдім Қазыбек бидей бабаның.  
Шыңғыстауға келін боп түскен кешегі,  
Апаларымның ізі бар ма деп қарадым.

## Жұлдыз ТОЙБЕК

Қарқабаттай алтын құрсақтан тарапған,  
Қаракесектің қызы едім жырдан нәр алған.  
Бабаларымның батасы тиіп, көбейіп,  
Ұрпактары елге айналған – қара орман.

Қаракесектің асылдай болған бір тасы,  
Ханым деген атқа лайық бір басы.  
Ұлы Абайдан басталса егер жыр басы,  
Ұлы Ұлжаннан басталған ақын тұлғасы!

Ұлы ақынның бәйбішесі – Ділдәсі,  
Тектіден туып, батасын алған сырласы.  
Тобықтының түндігін ашып айқара,  
Қос апамның сыңғырлаған сырғасы.

Тарихқа толы сырлы Ертіс толқып ағады,  
Толқыны ұрып, шағаласыз жағаны.  
Қайын жұртынан қарлығаш қонды жағаға,  
Сезді ме соны, поэзияның ұлы Қағаны!

### КҮМІС БІЛЕЗІК

(Белгілі жазушы Қожахметова Магира апайға)

Сүйсініп  
Сәбиімнің гүл өніне,  
Жұрт ұйыды  
Жазушының тілегіне.  
Шешіп алып  
Жарқыраған білезігін,  
Кигізді  
Немеремнің білегіне.

Білезік  
өрнектелген өрнекпенен,  
Жақсыны  
Осындауда көрмек деген.  
Батасына  
апайымның тебірендім,  
«Әжесіндей  
Өлеңді өр» – деп берген.

Ортасында  
Білезіктің тасы қызыл,  
Сөйлесте  
Тастың өзі тұнған бір сыр.  
Мағира апай  
Ақ батаңыз қабыл болып,  
Ұрлағымды  
Алла ондап, қолда Қызыр!

### ҰЗІЛМЕЙ ҚАЛДЫ ЖАПЫРАҒЫМ

Тондым жиі, тон ішінде қалтырадым,  
Сарғайып кеткендей кіл бал құрағым.  
Күзгі жел құтырына соққан кезде,  
Ұзілмей қалды ілініп жапырағым.

Ескі жүрек – өзгені ізден соққан кезде,  
Бүрегім – безбүрек боп қатқан лезде.  
Бауырыңа бағым деп баса білдің,  
Жан дүнием ауыр мұнға батқан кезде.

Қарамадың айқыш-ұйқыш жолдарыма,  
Тар жолда қол ұсындың «қон, бағыма!»  
Тағдырдың сынағына мойымаған,  
Бір Алла екеумізді қолдады ма?!

Тәубе деймін, тағдырыма күлген Күнге,  
Қарғыс айтам киянатшыл қара түнге.  
Сыңарын еш адаспай тапса деймін,  
Өтірік бақытты боп жүргендерге!

Жас емеспіз – баратын жіңі баққа,  
Белгілі ғой әр қадамың мынау хаққа.  
Бұл да бір Жаратқаның сыйы шығар,  
Өмірімді өзгертуен Күнгей жаққа!

## КҮНИШІЛДЕРГЕ

Мойындамай,  
Өзгерді түрің неге?  
Жұрген жоқпын  
Соған бола күйік шеге.  
Бойымдағы  
дарынымды Құдай берді,  
Қолымдағы  
қаламымға өзім еге!

Мойындама,  
Оған еш мойымаймын.  
Соған бола  
Азап шегіл, бой ұрмаймын.  
Жұлдыз атты  
Жарқыраған есім бар да,  
Көгің түгілі  
Жерде жүріп жойылмаймын!

Жырым бар  
Жасындаїын, тәкпелейін,  
Ашуым  
ұзамаушы еді көпке дейін.  
Жанымды  
Еш кінәсіз кірлетті деп,  
Қалайша  
Күншілдерге өкпелейін?!  
Бойымды  
Жамандардан шөткелейін!

## СЕН ЖОЛЫҒЫП...

Саған дейін көнілім пәс, сынық - тын,  
Сен жолығып, бар дүниені ұмыттым.  
Ой-санамды ақылменен жаулаған,  
Терең ойлы жанарыңнан сыр үқтый.

Сен жолығып, көктен арай шашылды,  
Найзағайлы нөсер тынып басылды.  
Кемпірқосақ өрнек салып өмірге,  
Жұпар аңқып, жан сарайым ашылды.

## **Кеудеме көкала үйрек келіп қонса...**

Сен жолығып, айттың сөздің кесімін,  
Көшбасшысы өзің болдың көшімнің.  
Жүрекке – от, жанға – дауа тапқан сон,  
Қарсы жүздім толқынына Есілдің!

## **КЕШІККЕН КӨКТЕМІМ**

Гүлденіп бәктерім,  
Ұмытылып өткенім.  
Сен шаттық сыйлаши,  
Кешіккен көктемім.

Ызғардан түршікпей,  
Көнілге кір түспей.  
Жарылсын қайтадан,  
Өмірім бүршіктей.

Құрыса амалым,  
Сипасын самалың  
Ашылып жан сарай,  
Нұрлансын жамалым!

## **АЙ МЕН КҮН**

Кемемді толқынға қарсы ескен едім,  
Тізеден талай суды кешкен едім.  
Үрпактарым, соңымдағы аман болшы,  
Керегі жоқ бұл фәниде ештеңенің!

Көз салмаймын асыл мен жақұтыңа,  
Қызықпаймын бай-маналтың сарқытына.  
Құшағыма Ай менен Күн сыйлаған,  
Болеші, Алла, әжелік бақытыма!

Көргенмін қу өмірдің түлкісінде,  
Бұл жалған тұрақтамас бір пішінде.  
Тірліктің тереңіне үңілсе егер,  
Бар байлық немерелер күлкісінде!

## ҚАРАМА, МЕЙЛІ...

Жылатып мені  
соқыр қылайын деп пе едің,  
Жан едім мынау  
көз тартатын көп-көрім.  
Қарама, мейлі,  
қылған қиғаш қасыма,  
Күтемін көктен  
Күн сәуле шуақ төккенін!

Жек көрем итті  
қозғаған өмір өткелін,  
Жұмбақтау сырым  
ашылмаған көп менің.  
Дүлей дауылдың  
керегі жоқ соққаны,  
Майды самалдың  
сүйемін, сипап, өпкенін!

## ҮНСІЗ ҚАЛМА

Үнсіз қалма  
Қыжылыңды айт маған,  
Күндерім аз  
Қызық қуып «айттаған».  
Сабырымды  
Сен ұзаққа сынама,  
Мінезім бар  
Айтқанымнан қайтпаған.

Көтерем деп  
Ойлайсың ба, бағанды,  
Өкінерсің  
Кір шалғанда жағанды.  
Мұз үстінде  
Тайғақ болса табаның,  
Майып болма,  
Мықтап қақшы тағаңды!

**Кеудеме көкала үйрек келіп қонса...**

## **АЯЗДЫ КҮН**

Тағатын мұздан алқа мың,  
Барғанда қысқы бақтарға.  
Қызы едім ерке Арқаның,  
Есімін жазған ақ карға.

Ойнайды шымшып бетімді,  
Аязы тентек – қантардың.  
Үскірік соққан жел тынды,  
Ақ қарға сырды ақтардым.

Көлеңке жерде өскен соң,  
Қадірін білем жылы үйдің.  
Аяздан ұзап кеткен соң,  
Жылынып, аздал жымидым.

## **АҚҚҰМАН**

Аққұман  
қайнамайды бұрынғыдай,  
Кім лайлады  
сезімнің тұнығын-ай!  
Жұптасып  
ішпеген соң ыстық шайды,  
Құлазыған  
көнілдің сынығын-ай.  
Құманның  
сырты жайнап, жылтырайды.  
Бүйірі тоқ  
болғанмен іші қайғы.  
Сыздықтатып  
шумектен шай құйғанда,  
Жан дүние  
қопарылып, сырқырайды.  
Ыстық отта  
сабырсыз, жұлқылайды,  
Құсып кетсе  
Кермек дәм кімге ұнайды?  
Иесіне  
өкпелеп, жылтыр құман,  
Хош иісі шықпай  
Бұлк-бұлк бұрқырайды!

## ҰЛЫМ – БОЛАШАҒЫМ

Толқынға қарсы жүргізіп келем кемемді,  
Үрпактарым – жаныма қуат, емі енді.  
17 жасқа жеттің бе, желдей жан ұлым,  
Еңсенді көтер, АЗАМАТ болдың сен енді!

Алты Алаштың көсемі – атың ӘЛИХАН,  
Жақсы жеміс күтіп жүрген мен – дихан.  
Есімің ұлым Арқадан асып, әлемге,  
Бастарын исін ақылына жер жиһан!

Өсірген жоқпын жасықтау, жалқау, ез ұлды,  
Байрақ қылып ұста Әлихан атты есімді!  
Оқуда озат болғанға қылма қанағат,  
Болашақта төрғе тарт, ҚАЗАҚ көшінді!

## КҮЗГІ БАҚ

Қырау басқан  
бақ жаққа қырық бардым,  
Шашылған  
ойларымды құрықтадым.  
Күлімдеген жанарымда  
мұң ұялап,  
Жай түскендей  
төбемнен тұрып қалдым.  
Ашылған соң  
күпиясы құлыптағы,  
Көңілім  
құлпарша боп сынып қалды.  
Жасыл әлем  
айырылып жапырағынан,  
Шашылды  
сезім – әйнек сынықтары!

«Қазақ энциклопедиясы» баспасының  
директоры – Бас редакторы  
Ж.Тойбаева

**Жұлдыз  
ТОЙБЕК**

**КЕУДЕМЕ КӨКАЛА ҮЙРЕК  
КЕЛПІ ҚОНСА...**

Редакторы  
Ұлбала Әлішева

Дизайнері  
Нұргелді Есенаманов

**ISBN 978-601-7967-14-7**



9 786017967147

Басыға 28.10.2019 ж. қол қойылды.  
Пішімі 60x90 1/16. Офсеттік баспа. Шартты б.т. 5.2.  
Таралымы 5000+50 дана. Тапсырыс №4808.

«Қазақ энциклопедиясы» ЖШС, 050035,  
Алматы қаласы, 8-ыңшамаудан, 19<sup>к</sup>-үй.

Тапсырыс берушінің файлдарынан  
Қазақстан Республикасы «Полиграфкомбинат»  
ЖШС-нде басылды.  
050002, Алматы қаласы, М.Макатаев көшесі, 41.